

**«Балдәурен» мектепалды даярлық тобының
ата – аналармен жүргізілетін
жылдық жұмыс жоспары
2024 – 2025 оқу жылы**

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

Ата –анамен жүргізілетін жұмыс жоспары

P/c	Іс – шаралар тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	1.Жиналыс Ата – аналарды 2024 – 2025 оқу-жылының жоспары мен таныстыру. «Баланың балабақшаға бейімделуі» кеңес 2. Ата – аналар комитетін сайлау. 3.Ата-аналарға арналған сауалнама	Қыркүйек айы	Тәрбиешілер
2	1. «Күзгі асар» жәрменкесі 2. Кеңес: «Баланың өз-өзіне қызмет етуі».	Қазан айы	Тәрбиешілер
3	1 Кеңес «Балаға қандай дәрумен керек?» 2. Сауалнама: «Өз балаңызды жақсы білесіз бе?»	Қараша айы	Тәрбиешілер
4	1. Ата-аналар жиналысы 2. Тұмау және басқада аурулардың алдын алу. Кеңес: «Тұмау өте қауіпті» 2. «Қош келдің Жаңа жыл» Ата-аналармен жыл кешін өткізу, сахнаны безендіру, ойындар ұйымдастыру.	Желтоқсан айы	Тәрбиешілер Медбике
5	1. Баяндама «Тәрбие тал бесіктен» 2. «Қызықты қыс мезгілі» отбасылық фотокөрме	Қантар айы	Тәрбиешілер
6	1. Баяндама «Тұйық бала қайдан шығады?» 2. Ертегілер күні	Ақпан айы	Психолог Тәрбиешілер
7	8-Наурыз, 22-Наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктеріне дайындық Ата-аналар жиналысы «Қазақтың ою-өрнектері»	Наурыз	Тәрбиешілер
8	1. Өңгіме: «Ойын өмір мектебі» Кеңес: «Астан да аллергия болады» 2. Акция кітап жинаймыз	Сәуір	Тәрбиешілер
9	Ата-аналар жиналысы «Қош бол, балабақша» Жылдық жоспар бойынша қорытынды	Мамыр айы	Тәрбиешілер

ЖШС С.О.К. «Имаш» бөбекжайы
Менгерушісі: С.Д.Ербатырова



Ата-аналар жиналысы:
«Тәрбие отбасынан басталады»
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

Тәрбие отбасынан басталады

Мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы – отбасы. Сондықтан ата-ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өз-өзін тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу. Балабақша өмірімен таныстыру. Балалардың мінез-құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіншілігін тереңірек зерттеу. Ата-ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету.

Әдіс тәсілдері: шаттық шеңбері, тренингтер, ойындар, әңгімелесу, түсіндіру, пікір-талас, сұрақ-жауап.

Жүру барысы:

5 қадам әдісі арқылы ата-аналар балаларын еркелетіп ішке кіреді. Құрметті, ата-аналар, бүгінгі «Тәрбие отбасынан басталады» атты жиналысқа қош келдіңіздер! Бүгінгі күні алдымызда томпандап жүтіріп жүрген балаларымыздың ертеңгі күні жарқын болсын!

«Білесіздер, білмейсіздер» тренингі (танысу тренинг)

Мақсаты: Ата-аналардың бір-бірін жақынырақ тануға ықпал ету, соны жүзеге асыру.

Ата-аналар ортаға шығып, шеңбер болып дөңгеленіп тұрайық. аты-жөнімізді айтып, басқа ата-аналар білмейтін ақпаратпен бөлісейік

Біздің негізгі тақырыбымыз. «тәрбие отбасынан басталады»

Сіз ұлыңызды немесе қызыңызды тек қана өзіңіз ата-аналық қуанышыңыз үшін дүниеге әкеліп, тәрбиелеп жатқан жоқсыз.

Баланың басты ұстазы ол – ата-ана екенін естен шығармаңыздар.

«Отбасылық құндылықтар»

Нұсқау: Алдын-ала дайындалған алдарыңыздағы шариктердің ішінде отбасылық құндылықтар жазылған. Құндылықтарды партада тұрған карточкалардан тауып тақтаға жапсыру керек .

«Ата-аналарға арналған сауалнама толтыру

4. Қағаздан қайшысыз бейне жасау

Ақ парақ беріледі. Столдың үстінде ақ парақ пен қарындаш бар. Содан балаларыңыздың тұлғасын саласыздар және қайшысыз сол тұлғаларыңызды киясыздар.

Қиып алған тұлғаларыңыздың жүрек тұсына балаңыздың атын жазып, басы, оң қолы, сол қолы, оң аяғы, сол аяғында қазіргі заманда не тұр соны жазу

керек. Басында бағыт, оң қолында отбасының байлығы, сол қолында отбасының махаббаты, екі аяғында тірбие мен еңбек.

5. Сергіту сәті

Лентамен ойын, ынтымақтастықты, ұйымшылдықты бекіту мақсатында орындалды.

6.Ата-аналардың тәрбиешілерге ұсыныс, тілектері

7.Қорытындылау.

Хаттама №1

20.09.2023ж

«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы

Барлығы: 28 ата-ана

Қатысқаны: 15 ата-ана

Қатыспағаны: 13

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

- 1.Танысу.Топпен, топтың атауымен, тәрбиешілерімен.
- 2.Ата –аналарға балабақшаның жылдық міндеттемелері, күн тәртібімен таныстыру.
- 3.Психологиялық кеңес: «Баланың балабақшаға бейімделуі» бойынша сөз сөйлейтін тәрбиеші: Кулмуратова Г.А.
4. Ата-аналар төрайымын сайлау.

Тыңдалды:

1.Ата-аналар жиналысын тәрбиеші Гүлмира Амантайқызы ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.Балабақшаға келген әрбір бала осы балабақшаны бітіріп кеткенге дейін осы үйдің туған бөбегіндей болып тәрбиеленеді, білім алады, жан-жақты дамиды, жетіледі.Балаларыңыз балабақшаға қабылданғаннан бастап тәрбиешілер олармен жеке жұмыс жүргізеді. Олардың тілін дамыту үшін, логикалық ойлауын, жан-жақты дамуын қалыптастыру мақсатында түрлі дидактикалық ойындар мен жұмыстар жүргізіледі. Балабақшаның бекітілген күн тәртібі арқылы балалармен уақытылы жұмыстар жасалып отырады, яғни таңертеңгілік жаттығу, таңғы ас, ұйымдастырылған оқу қызметтері, серуен, түскі ас, түскі ұйқы, ұйқыдан ояну, бесінді асы, ойын түрлері- барлығы өз уақытымен өткізіліп отырады. Тәрбиешілері: Айжан Раимбекқызы және Гүлмира Амантайқызы

2.Балабақша тәрбиешісі А.Раимбекқызы балабақшаның күн тәртібімен және жылдық міндеттемелерімен, жаңа оқу жоспарымен таныстырып өтті.

3.Балабақша тәрбиешісі Г.Амантайқызы «Баланың балабақшаға бейімделуі» бойынша сөз сөйледі.Өз сөзінде ата-анамен балабақша арасында байланыс тығыз болып, *баланың тәрбиесін балабақшаға тапсырып қоймай, ата-ана, бүкіл қоғам, болып атсалысу қажет екенін айтып өтті.* Материалдары қосымша беріліп отыр.

4.Ата-аналар арасынан бір ауыздан ойласа келе, орталарынан жауапкершілігі мол ата-ана комитетін сайлады.

Олар: ата-ана комитетінің төрайымы: Алдашева Нұргүл және Мукашева Нұрайым

Қаулы етті:

- 1.Балабақша күн тәртібі қатаң сақталсын.
- 2.Балабақша іс- шараларына әр бала уақтылы қатыссын.

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.

Шеренова А.Р.

Медбике: Салмағамбетова А.Ж.



ЖШС С.О.К. «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі: С.Д.Ербатырова



**Баяндама: «Баланың балабақшаға бейімделуі»
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы**

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

Ақтөбе 2024-2025ж.

Баланың балабақшаға бейімделуі

Баланың әлеуметтенуі қашан қайта басталады? Әрине бірінші отбасында және балабақша келгенде. Балабақша таныс емес үлкен адамдармен, балалармен танысады, мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгереді. Жаңа жағдайға бала қалай үйренеді? Өкінішке орай балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкен адамдармен араласудан бас тартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды. Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері: басқа адамға бұрын қалып көрмегендіктен, дәретке өзі отырып үйренбегендіктен, кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырақ, қатты тамақты шайып үйренбеген (күрттайнан) балабақшаға келген алғашқы күндері бала 2 сағатқа қалу керек. Көбінесе ата-аналар жкмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшаға қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады.

Балаңызбен үйде сойлесесіз бе? Оны мақтайсыз ба, оны жақсы көретінін туралы айттыңыз ба? Ата-аналардың балаға эмоционалдық әсері көбінесе жағдайды қиындатады. Әр отбасында бейімделудің үш түрі бар, жеңіл түрі-баланың мінез-құлығы 10-15 күнде қалпына келеді. Орташа ауырлық бейімделу – 1 айдың ішінде, ауыр бейімделу – 2 айдан 6 айға дейін өтеді.

Қобалжулары қатты ата – аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өйткені ата - ананың қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая бастайды. Осы кезде ата – ана балаға көмек беруі керек.

Ертенгілік қоштасуды жеңілдету тәсілдері:

- Баламен тез қоштасып үйреніңіз. Қоштасуды созбаңыз. Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп тынышталуы ұзаққа созылады.
- Балаңыз сізге сенсін десеңіз, балабақшаға әкеліп көрінбей қашып кетпеңіз.
- Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз және оны қатал ұстаныңыз.
- Балабақшаға барғаны үшін жаңа ойыншық сатып алып, балаңызды алдарқатыңыз.

Балаға анық түсінік беру керек. Бір рет болсын баланың дегенін істесеңіз әрі қарай баланы көндіру өте қиынға түседі. 2 – 3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдай көп өзгеріске түседі. Сондықтан кеңес береміз.

- Үйдегі жағдайда балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз
- Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз.
- Үйдегі жағдайда баланы өзіне – өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну өз бетімен тамақтану тамақ ішкенде қасықты пайдалану, гаршокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт, шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.
- Баланың «социалдық көк жиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде

конуға қалсын т.с.с.Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.

- Баламен жағымды эмоцияналдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз.Есіңізде болсын – сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

- Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға.Сондай – ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал.

- Жоспарлаңыз:балабақшаға бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні ақ күн ұзағына қалдырмауды. Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы аптада үш төрт сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.

- Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады.

- Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.

- Балабақшаға тек ауырмай келуі қажет.

Егер сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңызбен бірге бөтен адамдарды жақтырмаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық өз құрдастарымен мейірімді болса балабақшаға келген күннен бастап ақ, үйреніп кететініне сеніңіз. Баланың балабақшаға барлық бейімделу уақытында психологпен балабақшаның медика – педагогикалық қызметі бақылауға алады.

ЖШС С.О.К. «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі: С.Д.Ербатырова



Жәрменке: «Күзгі асар»
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

Ақтөбе 2024-2025ж.



*Күзгі жәрмеңке
"Балдәурен" тобы*



ЖШС С.О.К. «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі: С.Д.Ербатырова



Кеңес: «Баланың өз-өзіне қызмет етуі»
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

Ақтөбе 2024-2025ж.

Баланың өз-өзіне қызмет етуі

Өзіне-өзі қызмет көрсету балаларда кішкентай кезінен басталады. Балалардың бойында осы еңбек түрі қалыптасуы үшін педагогтардың жұмысы бағдарламаға сай нақты, қалыпты дамуы қажет. Бұл жүргізілетін жұмысқа нақты міндеттер қойылады яғни балалардың бойында жақсы дамып қалыптасады.

Балаларда бұл еңбек түрі өмір бойға қалу үшін 2-3 жастарынан бастап бейімделеді. Күнделікті берілген еңбек жұмыстарын балалар орындап отырса, онда олардың басқада еңбек түрлеріне деген қызығушылықтары артады. Балалар осы еңбек түрін орындай отырып еңбектің қасиеттерін және еңбектің басқада адамдарға қажеттігін түсіне бастайды яғни оларға әр адам жұмыссыз жүрмеу керектігіне көздерін жеткізеді.

Егерде балалар қарапайым еңбектің міндеттерін орындаса, олар өздерін үлкен адамдар қатарында екендіктерін сезінеді. Осы еңбек түрі арқылы балалар өздеріне деген үлкендердің көзқарасын түсінеді. Сондықтан өзіне-өзі қызмет көрсету еңбек түрі баланың ішкі дүние қасиеттерін толықтыра отырып біреуге пайдалы екендігін біледі. Өзіне-өзі қызмет көрсету- бұл күнделікті дене күтімі, бәрін ретке келтіріп ұстау, гигиеналық талаптардың міндеттерін білу. Балалардың бұндай еңбек түріне көңіл бөлу үшін балабақшадан және жанұядан үлкен еңбек жұмысын қажет етеді. Бұл еңбекті іске асыру үшін баланың алдына үлкен мақсат қойылады, яғни ол мақсат балаға ұғымды және өміріне қажетті болу керек. Өзіне-өзі қызмет көрсету еңбек түрінің нәтижесіне жеткен бала, көрнекі дәлел яғни өз алдына болашақтың іскерлік жолына есік ашады; киіндінбе-қыдыруға баруға болады, ойыншықтарды жинадын ба сабақ оқуға отыруға болады.

Өзіне қызмет көрсете отырып бала дене және ақылы жағынан дамығанын байқатады. Үш жастағы бала үшін осы процесстің барлығы тартымды, себебі процесстер баланың өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі бар.

Сәбилер тобы

Бұл топта тамақ ішіп, жуынуға, шешініп, киінуге үйрету қажет. Алға қойған мақсатқа жету үшін үлкен шыдамдылықты қажет етеді. 1,5 жылда осы еңбек түрінің нәтижесін көруге болады. Жуындыру кезінде баланы ұялтпау керек. Бірінші кездері балаға қарағанда белсенділімді көрсетемін. Баланы жуындыруға әкелгенде: «Сен өзін жуып, ал мен саған көмектесем, сенің қолдарын кір» деп көмегімді толық көрсетпей әдемі, таза жуғызтамын. Балаларды жуындыруға үйрету біртіндеп жүреді. Бірінші күндері қарапайым тәсілдерді көрсетіп түсіндіремін /қолды сулау/, екі айдан кейін жуынуға деген тұрақты білімдері қалыптасады, сондықтан талаптар күрделенеді. Мысалы: женін түру /бірінші үлкеннің көмегімен/. Осыларды үйреткеннен кейін жуынуға деген талаптарды одан әрі күрделендіреміз. Сонымен қатар орамалды қалай ілу керектігін үйрете бастаймын: орамалды қалай ұстауды, сүртінуді көрсетемін. Кім дұрыс істесе сол баланы мақтаймын. Жуынып болғаннан кейін балалардың көңілдерін өздерінің үстеріне аударамын, қандай таза, әдемі екендіктерін айтамын. Себебі сәби балалар өздері жеткен мәртебелеріне көңіл аударғанда қуанады. Ең маңызды мәселе сәби балалар гигиеналық талаптарды түсіне орындаулары керек. Ол үшін іс- тәжірибе жүзінде көрсетілген дағдылар түсіндіріліп отыруы керек. Балаларда столға

таза, жуылған қолмен отыруды әдетке айналдыруым қажет. «Сен неге ойынан кейін қолыңды жумадың, майлылықты таза емес қолыңмен қалай ұстайсың. Қолыңды барып жуып кел, ал біз содан кейін сенің қолың таза ма, жоқпа соны қараймыз».

Өзіне-өзі қызмет көрсетудің балаларда жуыну кезінде дұрыс нәтижесіне жету үшін балаларда іс-тәжірбиенің деңгейін ескеру қажет. Балаларға үлкендердің бақылауы, есіне түсіруін қажет етеді. «Қарандаршы Айдын қалай жуынып, сүртінеді». Басқа балалар оған ұқсағылары келіп талпынады. Мәдени-гигиеналық әдеттер балаларда тамақ ішу кезінде қалыптасады: өз бетімен және таза тамақ іше білу, қасықты дұрыс ұстай білу т. б.

Естиярлар тобы

Бес жастағы балалар алдыңғы топтағы дағдыларды бекітіп, оданда күрделі дағдыларды үйрету болып табылады. Осы топтын балалары жуыну, киіну, тамақ ішу дағдыларын үлкеннің көмегінсіз өздері орындай алады. Бірақ бұл дағдылар негізгі болып қала береді. Іс — тәжірбие кезінде бұл жастағы балалардың ішінде системалық жаттығудың арқасында тазалық пен ұқыптылыққа үйренгендері аз емес. Орта топқа келгенде баланың мінез-құлқы міне мынадай болады. Сұлтан қол жуғыштын жанына жылдам келіп жейдесінің жеңін түріп, қолын сулады, содан соң қолын сабындап, сумен шайып тастады. Қолын жуғаннан кейін, бетін жуып, сүртінуге орамалға барды. Бұл жастағы балалар өзіне-өзі қызмет көрсетудің негізгі дағдыларын істей алатындықтан, олардың алдында киіну кезінде бір-біріне көмек көрсету мақсаты қойылады. Бұл дағды күнделікті қолдануды қажет етеді және әрдайым болады.

Мысалы: мойын орағышты артынан тағы, көйлектің артқы түймесін тағу, шашбауды шешу, тағы басқа. Кейбір балалар қолғапты киіп алғаннан кейін, аяқ киімнің бауын тағуға және оны киуге киналады. Көп балаға бұл жаңа дағды болып көрінеді, яғни оны үйрену керек. Мен балаларды осы дағдыға сабырмен үйретуім қажет: қалай істеу керек, яғни балалар өздері осы дағдыны істей алулары керек.

Зерттеулер көрсеткендей қыз балалар осы дағдыны тезірек қабылдайды. Себебі қуыршақпен ойнаған кезде осы дағдыларды меңгереді. Ойын кезінде қуыршақтың көйлегінің түймесін тағады, бауын байлайды тағы басқа дағдыларды істей отырып қолдарының бұлшықеттерін жаттықтырады. Менің мақсатым — жұмыс барысын басқару. Осы жұмысты істей алмайтын балаларға дағдыларды толық меңгеріп жұмыс істей алатын балалардың көмектесуіне үйрету және дағдыландыру. Құрдасына көмек көрсетуді барлық балаға үйретуге тырысу керек, кейбір балалар басқаларға қарау арқылы үйренеді.

Мектепке даярлық тобы

Мектепке даярлық топта өзіне-өзі қызмет көрсету еңбек түрінде дағды түрлері орта топқа қарағанда күрделенеді. Тәжірбие кезінде бұл топтағы балаға ең жақын тұрмыстық еңбекпен шұғылдануға көп көңіл бөлінеді. Бұл өте маңызды, себебі балада өзіне-өзі сенімділік пайда болады, үлкендерге көмектесіп отырғандарын түсінеді, сонымен мектепке, өмірге қажетті күрделі дағдыларды үйренеді.

Әр тәрбиеші бұл топта өзіне-өзі қызмет көрсетуге үйретуді ары қарай жалғастырады, бірақ бір ерекшелігі күрделі тапсырмаларды дұрыс

орындауды іске асырады, сонымен қатар оны жақсы қалай керектігін көрсетеді. Бірақта тәсілді балаға деген оңай қамқоршыл еңбекке айналдырмау қажет. Баланың жұмысын бақылай отырып, оны өзін-өзі тексеруге үйрету қажет. Берілген міндеттерді жақсы орындадыма, әр жұмысты таза және ұқыпты істедіме, балалардың ішінде қайсысы өзіне берілген тапсырманы тез және өз қуатын көп жұмсамай орындайтын баланы тәрбиеші анықтау керек. Бұл топта тек кішкентай балаларға ғана емес, өзінің құрдастарына, үлкен адамдарға да көмек көрсете білулері керек.

Осы топта көмек көрсетуді толығымен үйрету үшін тәрбиеші балаларға қандай кезде көмек көрсетілетіндігін балаларға айтуы қажет:

1. Егерде сенен көмек сұраса /оған бір жұмысты істеу қиын немесе істей алмаса/

2. Басқаларға ықыласпен қара: кімге көмек керектігін байқап жүр.

3. Кішкентай балаларға және құрдастарыңа аккөңіл, қамқор бол.

4. Өзін дербес болуға тырыс, егерде біреудің көмегіңіз дербес бола алмайтыныңды сезсен, біреудің көмегін қабыл ал.

Сонымен қатар заттарға ұқыпты болуға үйрету ары қарай жалғастырылады: киімді, аяқ киімді тазалау, ойыншық сынып қалса істеу, кітап жыртылып қалса желімдеу. Үлкендер күнділікті балаларға киімді, аяқ киімді қалай күту керектігін айтып отырулары қажет, айтып қана қоймай, не үшін екендігін түсіндірулері қажет. Міне осыдан балаларда заттарды қалай ұстау керек, күту керек ұғымы қалыптасады.

Балабақшада өзіне-өзі қызмет көрсету дағдысын ұйымдастыру және тәрбие беру нәтижесі, педагогикалық басшылық дұрыс болу керек. Себебі үлкен адам өзіне-өзі қызмет көрсету дағдысын ұйымдастырады, яғни онда тек бір бала емес барлық топ балаларының қатысуын қадағалайды. Сонымен қатар осы еңбек түрін үйрете отырып біртіндеп еңбектің үйрету міндетін күрделендіре отырып және де осы еңбек түрі балаларды тәрбиелеудің негізі болу керек. Сондықтан міндетті түрде пындап, қадағалап жұмыс істеу қажет. Балалардың бойында ұқыптылық, жинақылық, дербестік, белсенділік тағы басқа қасиеттер қалыптасуы қажет.

Өзіне-өзі қызмет көрсету еңбегінің ең негізгі әдіс-тәсілі: қарапайым тәсілдерді тәрбиешінің өзі көрсетуі керек. «Аружан қарашы мен қалай жуынамын, ең бірінші жейдемнің женін түремін, сосын қолымды сулаймын. Міне осылай.»-айта отырып көрсетемін. Балаларды жаңа еңбек түрімен таныстыру үшін еңбектің бөлшегіне тоқталу қажет етеді және қимылды егжей-тегжейін көрсету керек. Шешуші мағынаны баланың белсенді мінез құлқы көрсетеді яғни берген тапсырмалды баланың тәжірбие жүзінде асыруы керек. Баланың белсенді мінез құлқынсыз ешқандай еңбек түрін үйрету мүмкін емес. Мен балаға қанша көрсетсемде, баланың белсенділігінсіз ешқандай нәтиже болмайды. Балаларды киінуге, ойыншықтарды жинауға үйрету кезінде маңызды нәрсе, өзім қолданған әдіс-тәсілді өзгертпей бірізділікті сақтауым қажет. Осы мақсатты сақтай отырып тек бір ғана балаға тапсырма бермей, тапсырманы барлық балалар орындауы қажет.

Мен өз мақсатымға жетемін, егерде балаларға берген тапсырмалды балалар ұмытқан жағдайда қайталап көрсете берсем. Себебі өзіне-өзі қызмет көрсету

енбек түрі баска дағдылар сияқты біртіндеп қалыптасады. Балалар таза және ұқыпты жуыну, киіну үшін балалар оны қалай істейтіндігін түсіну керек. Содан кейін оларды күнде жаттықтыру ләзім. Біршама уақыттан кейін балаларда қажет дағдылар мен тұрақты белсенділік пайда болады. Мысалы: кейбір балаларға ол үшін көп уақыт қажет, ал кейбіріне аз уақыт. Дағдыны бір тұжырымға келтіру кезінде мен көрсету мен қатар сөзбен айтуға көшімін. Егерде осы тәсілді бірге қолдансам балаларда дағдыларды бекітуге, нақты қимыл қозғалыстарды үйренуге және де менің айтқан сөзіме қарай жұмыс істеуге үйренеді. Кейінірек өз түсіндіргеніме мынадай жалпы мінез қосам. «Мен қазір кім шкафқа киімін дұрыс ілгенін қараймын?», «Мойын орағышты түзу тақ, мен саған қалай үйретіп ем?», естеріне түсіріндерші құрылыс материалдар жәшегін қалай жинаймыз? Осындай жалпы еске түсірулер балалардың ақыл ойын дамытады, қандай дағдыда қандай қозғалыстарды қолдану қажет екенін біледі. Жалпы түсіндіру әдісі мынандай кезде қолданылады: егерде бір бекітілген дағды бойынша берілген тапсырма кезінде. Балалардың жұмыстары үлкен бақылауды қажет етеді. Осы әдістерді қолдану барысында әр тәрбиеші балалардың алдына қойған мақсатқа жетуіне және осы әдістердің орындалуына жақсы көңіл бөлу керек. Егерде берілген тапсырма балаларға таныс емес болатын болса, онда менің әр әдісті түсіндіруді және іс- тәжірбие жүзінде көрсетуді қажет етеді.

Кеңес: «Балаға қандай дәрумен керек?»
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

Балаға қандай дәрумен керек?

Дәрумендердің адам өмірінде маңызы зор. Адам ағзасы дәрумендерді табиғи түрде тағамнан алады. Ағзада көптеген суда еритін дәрумендердің «қоры» болмайды, осыған байланысты қажетті деңгейді толтыру үшін олардың тағаммен үнемі күн сайын түсуін қамтамасыз ету қажет. Осыған байланысты рационды құру кезінде барынша әртүрлілікке ұмтылу және оның құрамына өнімдердің барлық топтарын қосу қажет. Бұл ретте азық-түліктің сапасына, оларды сақтау кезінде дәрумендердің азаюына, дайындау және өңдеу технологиясына, сонымен қатар сол немесе өзге де өнімдерден дәрумендердің сіну дәрежесіне назар аудару қажет.

Қазіргі заманда көптеген адамдар тамақтану рационы жағынан көмірсу және май құрамды өнімдерге бет бұрған, олардың тамақтануында ұннан жасалған, қуырылған тағамдар, тәтті газдалған сусындар басым, бұдан басқа гиподинамиямен бірге жүретін әдеттер (компьютер және смартфонда ұзақ уақыт отыру) бар. Құнарсыз тамақтану ағзада дәрумендер тапшылығының туындауына ықпал етеді. Дәрумен жетіспеушілігі – бұл ағзаның дәрумендермен аз қамтамасыз етілуінен туындаған жағдай. Ауырлығына байланысты авитаминоз, гиповитаминоз, ағзаның дәрумендермен субнормалдық қамтамасыз ету деп атайды. **Авитаминоз** – мырыш жетіспеушілігі, бери-бери және т.б. ауруларында туындайтын симптомокомплекске тән дамулармен ағзада дәрумендік ресурстардың толық таусылған кездегі жағдайы. **Гиповитаминоз** – аз спецификалық белгілермен (тәбеттің, жұмысқа қабілеттіліктің төмендеуі, шаршаудың жоғарылауы және т.б.) көрінетін ағзадағы дәрумендер қорының күрт, бірақ толық емес төмендеуі. **Субнормалдық қамтамасыз ету** – дәрумендердің тапшылығы, айқын белгілері жоқ, зертханалық әдіспен анықталатын, бұл жағдайда ағзаның инфекцияларға төзімділігі, физикалық және ақыл-ой қабілеті айтарлықтай төмендейді, науқастардың жазылу мерзімі баяулайды, созылмалы аурулар асқынады.

Әсіресе дәрумендер тапшылығына балалар ағзасы сезімтал болып келеді. Дәрумендердің болмауы немесе жетіспеушілігі зат алмасу процесінің бұзылуына, физикалық және ақыл-ой қабілетінің төмендеуіне, ағзаның тез шаршауына алып келеді, балалардың өсуі мен дамуына теріс әсер етеді, иммундық жүйенің патогенді факторлардың әсеріне және қоршаған ортаның қолайсыз әсеріне қарсы тұру қабілеті төмендейді. Балалар жасындағы дәрумендердің жетіспеушілігі болашақта атеросклероз, гипертония, гиперлипидемия, семіздік, кантдиабеті, остеопороз, подагра, кейбір қатерлі ісіктер сияқты аурулардың қалыптасуына әсер етуі мүмкін.

Жекелеген дәрумендердің жетіспеушілігінің маңыздылығы мен орнын толтыру:

- **А дәрумені (ретинол)** – майда еритін дәрумен, зат алмасуға көмектеседі, ақуыз синтезінің реттелуіне, тіс пен сүйектің қалыптасуына, майлардың шөгуіне, жаңа жасушалардың құрылуына катысады. А дәруменінің жетіспеуінен иммунитет төмендейді (жиі жұқпалы аурулар), терінің құрғауы мен ірінді зақымдануы, шаштың құрғауы мен түтігуі, блефарит, ксерфталмия, «тауық» соқырлық (науқас ымыртта және түнде көрмейді) дамиды. А дәрумені көп мөлшерде балық майында, бауырда болады. Кілегей,

жұмыртканың сарыуызы, сары май ретинолға бай. Өсімдіктердің ішінде сәбізде, асқабақта, саумалдықта, броккольда, шабдалыда, өрікте, сояда, бұршақта кездеседі.

- **В1 дәрумені (тиамин)** – энергия тасымалдаушы майлар мен көмірсулардың ақуыздардың өзгерісіне қатысады, жүрек-қан тамыр және жүйке, аскорыту жүйелерінің тұрақты және дұрыс жұмыс жасауына көмектеседі. Тиамин бауырда, жұмыртқада, нан мен жармаларда, жанғақта көптеп кездеседі. Дәруменнің жетіспеуі салмақ жоғалтумен, әлсіздікпен, ауырсынулармен, бас миының зақымдануымен, жүрек ырғағының бұзылысы және жүрек жеткіліксіздігімен сипатталатын полиневриттің (бери-бери, күріш ауруы) дамуына ықпал етеді.

- **В2 дәрумені (рибофлавин)** – энергияның түзілуіне, зат алмасу процесіне, гемоглобиннің синтезіне қатысады, балалардың дұрыс өсуі мен дамуына көмектеседі, көру қызметін, тері мен шырышты қабықшаның қалыпты жағдайын ұстап тұрады. Рибофлавиннің жетіспеушілігі тілдің ашық қызғылттануымен, еріннің жарылуымен, көмейдің ісінуімен, көзге қан құйылу мен қандағы эритроциттер деңгейінің төмендеуімен көздің нашарлауымен, тері жабындысының қабыршықтануы және терінің тығыздалуымен көрінеді. Бауыр, ет, жұмыртқа, нанда, жармалар, жанғақтар рибофлавинге бай.

- **В3 дәрумені (РР дәрумені, ниацин немесе никотин қышқылы)**зат алмасу процесіне, майлар мен ақуыздардың синтезіне қатысады, бүйрек үсті безі, қантамыр және жүйке жүйесінің жұмысын реттейді. В3 дәруменінің жетіспеушілігі іш өту, терінің қабынуы, ақылдың нашарлауымен жүретін пеллагра ауруына әкеледі, өлімге әкеліп соғуы мүмкін. Ниацин көп мөлшерде бауырда, құс етінде, балықта, жұмыртқада, нанда, жармада, жанғақта, бұршақ тұқымдастарда кездеседі.

- **В6 дәрумені (пиридоксин)** полиқантқапан май қышқылдары мен гемоглобиннің синтезіне, ақуыздар мен көмірсулардың алмасу процесіне қатысады. Жүйке жүйесінің белсенділігін реттейді, антиденелердің түзілуіне, эритроциттердің қайта қалпына келуіне көмектеседі. Пиридоксин көп мөлшерде бананда, жұмыртқада, нанда және жармаларда, жанғақта, ірі бұршақта, жасымықта, бауырда, етте, құс етінде кездеседі.

- **В9 дәрумені (фоли қышқылы)**жүйке жүйесі мен сүйек кемігінің қалыпты жұмысына қажет. Дәруменнің жетіспеушілігінен әлсіздік, жүдеу, күйзеліс, ұйқысыздық, қимыл-қозғалыс бұзылып, парестезия, шала салдану, сал ауруы пайда болады. Ауыз қуысының шырышты қабықшасында жаралар туындауы мүмкін, шаш көмескіленіп, сынғыш бола бастайды. Дәрумен келесідей өнімдерде кездеседі: бауырда, треска балығының бауырында, нанда, ірі бұршақта, ақжелкенде, саумалдықта, салатта, жуада.

- **В12 дәрумені (цианокобаламин)**ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың қайта өңделуіне қатысады, жүйке жүйесінің қызметі мен дамуын қамтамасыз етеді. Цианокобаламиннің тапшылығы жұлын және ми жұмысының нашарлауын тудырады, сенсорлық, қимыл-қозғалыс белсенділігінің жоғалуына әкеледі, психикалық бұзылулар шаршаудан, тітіркенуден, депрессия мен есепсізден басталады, прогресске қарай психоз және әр түрлі психикалық аурулар пайда болуы мүмкін, ауру қайтымсыз. Бидай

өскіні, бауыр, бүйрек, ет, балық, жұмыртқа, сүт өнімдері, ашытқы, ірімшік цианокобаламинге бай.

- **С дәрумені (аскорбин қышқылы)** – суда еритін дәрумен, жоғарғы температурада жылдам өзгеріске ұшырайды, аскорбин қышқылына бай өнімдерден ас әзірлегенде оттегі мен жарықтың әсерінен сақ болу қажет. Ағзада С дәруменінің жетіспеушілігі әлсіздік, бозару, терінің құрғауы, тіс етінің қанауы, тістердің түсуі және қаусауымен, қызбамен сипатталатын қыркұлак ауруының туындауына әкеледі, өлімге әкеліп соғуы мүмкін. Кептірілген итмұрын, каракат, қызыл және кара бұрыш, акжелкек, цитрустар, қымыздық, бүлдірген, шалғам, қарлыған, орамжапырақ, қызанақ, брокколь, манго, акжелкен, шабдалы, өрік, алма, құрма, шырғанақ, шетен, сұлы, саумалдық, сырық, қауын аскорбин қышқылына бай.

- **Д дәрумені (эргокальциферол Д₂, холекальциферол Д₃)**– майда еритін дәрумен. Ағзада кальций мен фосфордың сіңірілуін, олардың қандағы деңгейін және тіс пен сүйек ұлпасына түсуін реттейді. Балалар ағзасында Д дәруменінің жетіспеушілігі емізулі және ерте жастағы балалардың ағзасындағы фосфор-кальций алмасу процесінің бұзылысымен сипатталатын рахит ауруына шалдықтырады. Д дәрумені жануартекті өнімдердің ішінде сары майда, ірімшікте, басқа да сүт өнімдерінде, жұмыртқа сарыуызында, балық майында, уылдырықта кездеседі. Өсімдіктекті өнімдердің ішінде күнбағыс дәні, акжелкен, қырықбуын, қалақай Д дәруменіне бай.

- **Е дәрумені (токоферол)**– майда еритін дәрумен. Жасушалардың қоректенуін жақсарталы, иммундық жүйені нығайтады, А дәруменінің сіңірілуіне көмектеседі. Өсімдік майында, бидайдың ұрығында, алмада, бадамда, жержаңғақта, дәнді дақылдарда, ірі бұршақта, жасыл жапырақты көкөністерде, кебекті нанда, жаңғақтарда, брюссель орамжапырағында, итмұрында, сояда көп мөлшерде кездеседі. Жануартекті өнімдердің ішінде жұмыртқада, бауырда, сүт және сүт өнімдерінде, сиыр етінде кездеседі.

Балада дәрумен жетіспеушілігінің алдын алу сапалы тамақ өнімдерімен толыққанды үйлестірілген рационды қамтамасыз етуге, сондай-ак күндіз таза ауада серуендеуге бағытталуы тиіс. Денсаулықта қандай да бір ауытқулар анықталған жағдайда дәрігерге қаралу қажет.

Сауалнама: «Өз балаңызды жақсы білесіз бе?»
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

«Өз баланызды жақсы білесіз бе?»

Максаты: ата-анамен баланың арасындағы қарым-қатынасты анықтау. Жүру барысы: ата-аналарға және балаларға бірдей сұрақ қойылады, ата-анамен баланың жауабы салыстырылады.

Ата-аналарға берілетін сұрақтар:

-баланыз қандай түсті ұнатады?

-баланыз қандай ойыншық түрлерімен ойнағанды ұнатады?

-қандай тағамды сүйсініп жейді?

-баланызды еркелеткенде қалай атайыз?

-баланыздың қай топқа баратынын білесіз бе?

-баланыздың қандай мультфильмді жақсы қызығып көреді?

Сәйкес келген, жауаптарға 1 ұпайдан беріледі. Қай ата-ананың ұпайы көп марапатталады, ал қай ата-ананың ұпайы аз ол ата-аналарға кеңес беріледі. Болашақта баласымен тығыз байланыста болу керек екенін айтады.

Ата-аналар жиналысы:
«Отбасы мен балабақша сабақтастығы»
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

Отбасы мен балабақшаның сабақтастығы.

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы, ата-ана мен тәрбиеші ынтымақтастығын нығайту. Балабақша өмірімен таныстыру. Балалардың мінез-құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіншілігін тереңірек зерттеу. Ата-ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету.

Әдіс тәсілдері: шаттық шеңбері, тренингтер, ойындар, әңгімелесу, түсіндіру, ситуациялық жағдаяттар, пікір-талас, сұрақ-жауап.

Жүру барысы:

(Өсем әуенмен ата-аналар ішке кіреді)

Құрметті, ата-аналар, бүгінгі «Ата-ана мен тәрбиеші ынтымақтастығы» атты жиналысқа қош келдіңіздер! Бүгінгі күні алдымызда томпаңдап жүтіріп жүрген балаларымыздың ертенгі күні жарқын болсын!

1. Амандасу «Сикырлы сөздер»

Мақсаты: Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында өзара қарым-қатынасын жақсарту.

Ұжымдыққа, достыққа сыйластыққа баулу. Бір-біріне жылы лебіздерін білдіру.

Ата-аналармен ең алдымен амандасып алу мақсатында оларды шеңберге тұрғызып, қолдарына доп ұсынды. Сол допты бір-біріне есімдерінің бірінші әрпінен басталатын жылы лебіздерін, жақсы тілектерін айтып қолдан-қолға ұсынады. Мысалы: Сауле-сымбаттымын, Сізге сабырлық тілеймін т.б.

Баяндама: «Тәрбие үдерісіндегі отбасының рөлі»

Отбасы, барлық уақытта да, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы отбасының өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешудегі ерекшелігі - ата-ананың білім және жалпы мәдени деңгейінің жоғары болуы.

Балалардың отбасыдағы тәрбиесі оның белгілі бір тұрақты әлеуметтік институт ретінде анықталады, ол отбасы мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасу мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, өзара бауырмалдық, тұрмыстық өмір. Отбасы тәрбиесінің артықшылығы да осы қатынастарда, оны тәрбиенің ешқандай да түрі алмастыра алмайды.

Отбасы – болашақ азаматтың әлеуметтену жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы адым. Ол балаға моральдық қалып туралы алғашқы түсініктер береді, оны еңбекке баулып, өз өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Ата-ананың іс-әрекеті мен мінез-құлқы, өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдық, адамгершілік, әлеуметтік-саяси құндылықтар беріледі.

Отбасы тәрбиесінің қоғамдық және мемлекеттік тәрбиеге қарағанда артықшылығы басым. Алайда, қазіргі қоғамдық өмірде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және демографиялық өзгерістер отбасыға белгілі бір қиыншылықтар туғызады.

Нарық қатынастарының дамуы нәтижесінде отбасыда айтарлықтай адамгершілік тұрғыдан ересектердің де, балалардың да жаңа құндылық бағыттарын қалыптастырып, отбасы өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Ата-ана мен мұғалімдердің міндеті – қоғамдық қатынастардың жаңа жүйесі ұсынып отырған әлеуметтік мүмкіншілікті дұрыс пайдалану. Бала-бақша мен отбасы балаларды тауар мен ақша қатынастарының мәдениетіне үйрету жұмыстарын ұйымдастыру қажет, сондай-ақ алып сату, пайда табу немесе пайдақорлық емес, ол жалпы игілік үшін және өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құқықтық екі жақты қызмет көрсету екенін көрсету. Ата-ананың маңызды міндеті балалармен біріккен коммерциялық қызмет-әрекетке қатысып, оны бақылау, оларды баланың адалдығын, адамгершілігін, ұқыптылығын дамытатын қызмет көрсетудің әртүрін орындауға үйрету. Нарық отбасы мүшелерінің алатын орнына жанама әсер етеді, олардың өміріне жаңа әлеуметтік бағдарлар енгізеді. Қоғамдық және мемлекеттік тәрбие беделінің төмендеуі отбасы өмірінің тәрбиесіне «өзінше» қиындық әкеледі.

Өркениетті қоғам дамыған сайын отбасыдағы бала саны азайып келеді. Аз балалы отбасыда, негізінен бір баласы бар отбасыда, ішкі отбасылық тәрбиенің ең басты жағдайы жоқ, ол - балалар қарым-қатынасы. Бір баланың тәрбиесі қосымша педагогикалық күш

салуды талап етеді. Жалғыз балаға деген ата-ананың, әжесі мен атасының артық көңіл бөлуі оны белсенділігінен айырып, оның эгоистік жақтарының басым болуы.

Толық емес отбасыларда, ата-анасының біреуі жоқ болған отбасыларда тәрбиелік мәселелерді шешуде кейбір адамгершілік-психологиялық ыңғайсыздықтар болуы мүмкін. Мұндай отбасылардың көбінде ана және бала ғана болады.

Отбасы тәрбиесінің проблемасы – ананың отбасы тұрмысынан қолы босамауы. Ананың уақыты жетпеуі көбінесе насихат, жазғыру, ұрсу сияқты тәрбиелік ықпалдың нәтижесіз әдістерін пайдалануға мәжбүр болады.

Микроклиматы жағымсыз, отбасы өмірі ұрыс-керіске, ата-ананың бір-біріне, балаларына деген шағымдарына, айқай-шуға, қорлық сөздер мен іс-әрекеттерге толы отбасыларда өте маңызды тәрбие проблемалары туындайды.

Ата-ана құқығынан айрылғалы тұрған ата-аналар әлеуметтік және педагогикалық проблемалар тудырады. Мемлекет олардың ата-аналық құқығынан айырғанда балалардың мақсат-мүддесін басшылыққа алады. Алайда бұл ретте олардың өмірі өз мәнін жоғалтады, өйткені өмір сүру мен дамудың маңыздылығы кемиді.

Елдегі түбегейлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге, жеке меншіктің пайда болуына, жеке адамның баю мүмкіндігінің тууына байланысты материалдық жағынан ауқатты отбасылар пайда бола бастайды. Мұндай отбасыларда тәрбие белгілі бір проблемаға кездеседі. Көбінесе бұндай отбасыдағы бала балалық ұжымдардан алшақ болады, оның ерекшелік сезімі қалыптасып, қоршаған адамдарға деген жөнсіз наразылық эгоизмі тууы мүмкін.

Отбасының жоғары материалдық ауқаттылығы (материалдық жағдайының төмен болуы да) отбасы жұмысын ұйымдастыруда қолайсыз жағдайлар туғызады. Мектеп отбасы әдістемелерін нақтылап, оның кемшіліктерін түзете отырып, бұл проблемаларды жеңуге тырысу.

Осылайша, демократиялық қоғамда ата-ананың бала тәрбиесіндегі қызметі толығымен қалпына келетінін есте ұстауымыз керек. Алайда, қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар бала тәрбиесінде қиыншылықтар туғызып отыр. Ата-ана отбасы тәрбиесінің маңыздылығы баланың құндылық бағыттарын, оның моральдық қасиеттерін қалыптастыру.

«Менің балам қайда?» ойыны

Алдын-ала балалардың тек қана көздері бейнеленген суреттер шығарылып қойылады. Ата-ана сол көздерге қарап өз баласының көзін табу керек.

«Мен қандаймын?» тренинг ойыны

Мақсаты: әр адам өзін жеке тұлға ретінде сезіну. Өзінің жанұясында өзін қай деңгейде ұстайтыны екенін анықтау

Жүру барысы: Ата-аналарға стикер таратылады. Әрқайсысыңыз сол стикердің ішіне отбасы мүшелерін және өзіңіздің есімдеріңізді жазасыздар. **Нәтижесі:** Егер өзіңіздің есіміңізді басына жазсаныз: сіз өзіңізді отбасы мүшелерінен биік санайсыз. Өзіңіздің жағдайыңызды бірінші ретке қоясыз. Ал, егер ортасына қойсаныз, онда сіз отбасыңыздың ортасындасыз. Екі жақты бірге ойлайсыз. Егер соңына жазсаныз, онда сіз бауырмал жансыз. Ата-ана бауырларыңыз бірінші ретте тұрады. Өзіңізді соңынан ойлайды екенсіз.

Қорытындылау.

№2 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Тақырыбы: Отбасы мен балабақшаның сабақтастығы.

Өткізген күні: 09.12.2024ж.

Тізім бойынша бала саны: 28

Қатысқан ата-аналар саны: 12

Күн тәртібі:

1. Амандасу «Сиқырлы сөздер»
2. Баяндама: «Тәрбие үдерісіндегі отбасының рөлі»
3. «Біздің жетістіктеріміз» бейімделу кезіндегі нәтижелер.
4. «Қош келдің, Жаңа жыл» атты ертеңгілікке байланысты ағымдағы сұрақтар.

Амандасу «Сиқырлы сөздер»

Ата-аналармен ең алдымен амандасып алу мақсатында оларды шеңберге тұрғызып, қолдарына доп ұсынды. Сол допты бір-біріне есімдерінің бірінші әрпінен басталатын жылы лебіздерін, жақсы тілектерін айтып қолдан-қолға ұсынады. Мысалы: Сауле-сымбаттымын, Сізге сабырлық тілеймін т.б.

Баяндама: «Тәрбие үдерісіндегі отбасының рөлі»

Баяндама бойынша қойылған сұрақтарға сұрақтарға жауап берді, кейбір жайттарды түсіндіріп өтті. Ата-аналар алған әсерлерімен бөлісті. Өз ойларын қосып, ақыл-кеңестерін ұсынды.

«Біздің жетістіктеріміз» бейімделу кезіндегі нәтижелер.

Құлмұратова Г.А. балалардың балабақшаға келген сәттен бастап бейімделу уақытында қандай қиындықтар туындағанын және олардан қалай қткні жайлы айтып өтті. Мысалы: күн тәртібіне үйрене алмауы, топқа келгенде таңертең ұйқылары қанбай жатып қалатындары туралы, өз беттерінше киініп-шешіну туралы, мінездерінің тұйық болғаны туралы, кейбір балалар қарындаштармен жұмыс істей алмайтындары жайлы т.с.с. көптеген қиындықтарды тәрбиешілер мен ата-ананың бірлескен жұмыстарының арқасында (ойындар арқылы, денсаулық сақтау технологиялары арқылы, жеке және бірлескен жұмыстар арқылы, көрсету, түсіндіру, қайталау, көмектесу тәсілдері арқылы т.б.) көп жетістіктерге жеткенін атап өтті.

«Қош келдің, Жаңа жыл» атты ертеңгілікке байланысты ағымдағы сұрақтар.

Ең алдымен төртінші сұраққа көшпес бұрын «Алтын күз» мерекесіне орай подделка жасаған балалардың ата-аналарын мадақтамалармен марапаттады. Қалған ата-аналарды келесі мерекелерге белсене атсалысуларын сұрады.

Жаңа жыл мерекесіне арналған етеңгіліктің қай күні болатынын айтып, қандай костюмдер мен қажетті құралдар керек екенін ескертті. Жаңа жылға дайындаған тапқақтары мен өлеңнің сөздерін үйде бірге қайталауды ұсынды. Ертеңгілікке келген кезде жалпы балабақшаға келген кезде сақтық шараларын естен шығармау керек екенін ескертті. Жыл мезгіліне сәйкес киініп, түрлі аурулардың алдын алу шараларын да айтты. Күн тәртібін қатаң түрде сақтауға ата-аналардың көмегі зор екенін айтып өтті. Үйде уақтылы жатқызып, таңертең күнде -күнде бір уақытта балабақшаға әкелулерін сұрады. Баланың үстіне ыңғайлы киім кигізіп жіберулерін сұрады. Ата-аналардың балаларының жеке басына қатысты туындаған сұрақтарына жауап беріп, кеңестер айтты. Жақсы көңіл -күймен қоштасып шығарып салды.

Ата-аналар комитетінің мүшелері: Алдашева Нұргүл және Мукашева Нұрайым

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.




ЖШС С.О.К. «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі: С.Д.Ербатырова

**Кеңес: «Тұмау өте қауіпті»
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы**

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

Тұмау өте қауіпті

"Тұмау - бұл вирустық ауру, тұмау вирусы жыл сайын дерлік өзгеріп отырады және оған тұрақты иммунитетті дамыту мүмкін емес. Көбінесе тұмау адамнан адамға ауа тамшыларымен беріледі - сіздің балаңыздың жанында біреудің түшкіруі жеткілікті. Бірақ бұл вирус тұрмыстық жолмен де берілуі мүмкін", - деді дәрігер. Ол тұмау жұқтырған сәттен бастап симптомдар пайда болғанға дейін екі сағаттан 5-6 күнге дейін созылуы мүмкін екенін айтты. Тұмаудың басқа вирустық инфекциялардан басты айырмашылығы-мұрынның ағуы мен әлсіз жөтел сияқты белгілер. "Тұмаудың басталуы әрдайым ауыр жүреді, температура 38-39 градусқа дейін көтеріледі. Интоксикация белгілері айқын көрінеді: тәбеттің төмендеуі немесе болмауы, әлсіздік, қозғалғысы келмеуі, бас ауруы, бұлшықеттер мен буындардағы ауырсыну, жүрек айну және құсу, диарея (әсіресе жас балаларда)", - деп түсіндірді Ләззат Ералиева. Емдеу кезінде дұрыс режимді қамтамасыз ету маңызды. Бала жақсы желдетілетін бөлмеде және жылы төсекте болуы қажет. Бұндай жағдайда күшпен тамақтандыруға болмайды, дейді педиатр. Тамақ жеңіл және ақуызға бай болуы керек. Сұйық көп ішу керек, оның ішінде жылы шөп шайлары, жеміс сусындары, компоттар, су рұқсат етіледі. Температура көтерілген жағдайда ыстықты түсіретін препараттар беру керек, баланы бөлме температурасында сумен сүртуге болады. Мұрыннан су ақса мұрынға арналған препараттарды қолданған дұрыс. "Тұмау асқынса өте қауіпті, оның ішінде: пневмония, энцефалит, бұлшықет аурулары, отит, ринит, синусит, бронхит. Вируспен байланысты мүлдем болдырмау мүмкін емес. Сондықтан алдын-алу шаралары баланы окшаулауға емес, аурудың ықтималдығын азайтуға және баланың иммундық жүйесін нығайтуға бағытталуы керек. Тұмауға қарсы вакцинация жыл сайын күзде, эпидемия маусымы басталғанға дейін жасалады, өйткені толық иммунитетті дамыту үшін кем дегенде 2-3 апта өту керек. Созылмалы аурулардың өршуі кезінде, немесе ауырып жүрген кезде вакцинация жасауға болмайды", - деді Ләззат Ералиева.

«ТОО «С.О.К.» «Бекітемін»
ЖШС С.О.К. «Диман» бөбекжайы
Менгерушісі: С.Д.Ербатырова

Жаңа жылдық ертеңгілік
«Жоғалған эльф қанаттары»
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

Тақырыбы: Жоғалған эльф қанаттары

Мақсаты: Балаларды мерекелік көңіл-күй тудыру. Шырша әсемдігін, қыс келбетін сезіну, әсер алу қабілеттерін жетілдіру. Аяз атаның, Ақшақардың, карнавалдық киімдеріне назар аударту, көңілді ойындар ойнату, бірлескен ойындар арқылы достық қарым-қатынастарын ояту.

Кейіпкерлер: Аяз ата, Ақша қар, Ақкала, Жалмауыз кемпір, Эльф, Үйшік, жүргізуші.

Әдемі безендірілген, зал ішіне музыка әуенімен балалар кіреді.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Уа, халайық жарандар,
Айналаға қарандар!
Жаңа жылдық бұл тойды,
Салтанатқа санандар
Қызық көріп, шат болып,
Мәз боп күліп тарандар,

Хоровод №1 Ән: _Жаңа жыл_

Тақпақтар: Санжар, Али, Азиз, Айым А., Ғанижан, Зере, Жанель, Қайрат, Аяла, Райяна, Зерделі, Сая.

Жүргізуші: Біздің шыршадағы қоңыраулар кенет шырылдаған сияқты, мүмкін олар шамды жағу үшін шырылдап жатқан шығар?

Қане, бірге айтайық:

«Бір, екі, үш, шырша шамы жарқыра!»

Шырша шамдары қосылмады ғой, әлде араларыңда біреу сиқырлы сөзді айтпай қалдыңдар ма?

(Шырша артында жылаған дыбыс естіледі)

Жүргізуші: Кім бұл? Жылап жатқан кім?

(Шырша артынан көңілсіз Эльф шығады)

Эльф: Бұл мен, шырша Эльфі

Жүргізуші: Не болды? Неге жылап жүрсін?

(Эльф бірінші жүргізушіге, кейін шыршаға, кейін көрермендерге қарап, қатты күрсініп)

Эльф: Көптен күткен жаңа жыл келмейді! Барлығың тез тарандар! Шырша шамы жанбаған соң, ғажайып та болмайды!

Жүргізуші: Не болғанын дұрыстап түсіндірші.

Эльф: Мен шырша Эльфімін, мен осы шыршаның астында тұрамын.

Әр жаңа жыл сайын оның бұтақтарына түрлі-түсті шамдарды жағамын.

Сонда ғана балалардың барлық тілектері орындалып, жаңа жыл келеді. Енді мен өзімнің керемет, кішкентай қанаттарымсыз қалай шамдарды шағамын?

Жүргізуші: Олар қайда?

(Эльф жан-жағына қарап, сыбырлап айтады)

Эльф: Мен қайда екенін білмеймін. Бірақ оны ұрлап кеткен секілді! Іздемеген жерім жоқ. Әрбір иненің, шаңның астын қарадым. Қанаттарым жоқ! Аяз Атаға не айтам, оның көзіне қалай қараймын?

(ЖҮРГІЗУШІ оның басынан сипап, тыныштандырып, көз жасын орамалмен сүртеді)

Жүргізуші: Мен Эльфке көмектесу үшін ергежейлілерді шақырамын:

-Ергежейлі шырақтарым, келіндерші, көмектесіндерші!!... (музыка)

Ергежейлілер: Көмек керек кезде, келеміз біз лезде!

Айтыңызшы, біз не істеуіміз керек?

(Жүргізуші шеңберге ергежейлілерді жинап, оларға бірдеңе сыбырлайды)

Ергежейлілер:

1. Жарайды, біз қар жасап, үстіне шелек қоямыз,
2. Сәбізден жасаймыз мұрынды, пайда болар Аққала.

Би: «Ергежейлілер» биі

(би соңында Аққала пайда болады)

Аққала: Шелек қалпақ басымда,

Сәбізден менің мұрыным

Қыста қардан туатын

Мен боламын Аққала! *(шыршаны қарап шығады)*

Шырша сондай ғажайып,

Таңданамын тамсана

Бірақ, шыршамыз көңілсіз тұрғандай, бірдеңе жетіспейтін секілді, не жетіспей тұр екен айтындаршы, балалар?

Балалар: шырша шамдары

Аққала: Дұрыс айтасындар балалар, шырша шамдары жетіспейді. Ой, Эльф ал сенің қанатың ше, ол қайда?

Эльф: Білмеймін *(жылайды)*

Аққала: Эльфжан көзінді сүрте қой, қанатыңды бірге іздеп табамыз!

(Аққала мен Эльф кетеді, Жалмауыз кемпір келеді)

Жалмауыз кемпір: Сендерге келу үшін ұзақ дайындалдым, сәндендім

Сәлем, басында дөмбешігі бар балалар

Сәлем балаларын азаптаушы ата-аналар

Келе жатып балаларға, киім таптым тамаша

Менде енді қанаттар бар,

Винкс феяларынан да мықты боламын! Оны қазір сендерге дәлелдеймін!

(қанатты тағып ұшып көргісі келеді, сол кезде Эльф пен Аққала келіп тығылып тұрады)

1,2,3,4,5 ұшамын мен алға тек!

(секіріп құлайды, қайтадан ағаш бөлшекке мініп секіреді де құлайды)

Жалмауыз кемпір: Қанаттар әлсіз екен *(шешін ағашқа қояды. Аққала оң жағынан қар лақтырады. Сол жағынан Эльф қар лақтырады)*

Жалмауыз кемпір: Кім менімен ойнап тұрған. Бір тыныштық жоқ. Қар лақтырған кім? Сендер ма?

Балалар: Жооок!

Жалмауыз кемпір: Енді кім.... *(шырша артына барады)* Ешкім жоқ

(Аққала сол жағынан қар лақтырып, эльф қанаттарға ұмтылады)

(Жалмауыз кемпір сол жаққа бара жатып, бұрылып Эльфті ұстап алады.)

Жалмауыз кемпір: Бұл сен ба мені жұмысымнан қалдырып, маған қарлақтырып жатқан?

Эльф: Бұл қанаттар менікі, тез қайтар!

Жалмауыз кемпір: Қанаттарды кім тапты, мен! Демек менікі! Бермеймін! Заң бойынша өтемақы талап етемін!

Ақкала: Сен не қалайсың?

Жалмауыз кемпір: Аяз атаның балаларға беретін сыйлықтарын алғым келеді!

Эльф: Жок, ол сыйлықтарға тиюге болмайды. Солай ма, балалар?

(Эльф пен Ақкала бір бірімен сыбырласады, Жалмауыз кемпір қанаттармен тамсанып тұрады)

Ақкала: Қәне бірге ойнайықшы! Сен тығыласың біз сені іздейміз

Жалмауыз кемпір: Тығылыспақ? О, мен ондайды жақсы көремін!

Бәрің көздерінді жұмыңдар. 1,2,3 деп санаған кезде жарықты сөндіріңдер. 4.5 деген кезде мені іздейсіндер!

Ойын: «Тығылыспақ»

(балалар Жалмауыз кемпірді іздейді)

Жалмауыз кемпір: Қандай алғыр балаларсыңдар, мені тез тауып алдыңдар.

Енді менің кезегім. Қазір біреуінді тандаймын. Мына баланы іздеймін. Көзі қоңыр, шашы кара, басында құлағы бар.

(ЖК көзін жұмады, жүргізуші балаға бантик тағып қояды, ЖК іздеп таба алмайды)

Жүргізуші баланы көрсетеді

Жалмауыз кемпір: Оның басында бантигі бар ма? Енді бантигі бар баланы іздеймін

(Жүргізуші бантикті ата-анаға тағып қояды)

Жалмауыз кемпір: Оооо, таптым бантиктегі баланы. Ой, бірақ өте үлкен бала екен!

Ақкала: Біз сенімен ойнадық!

Қәне тығылып ойнайық. Ортаға біз тұрайық!

Ойын «3 шапалақ»

(ойын соңында балалар отырып қалады, Ақкала Жалмауыз кемпірдің басына конус кигізеді. Балаларды іздеп жүргенде Эльф қанатын алып қашып кетеді)

Жалмауыз кемпір: Мені алдаған екенсіндер ғой, иә. Мен бұны былай қалдырмаймын, көрсетем мен сендерге.

(Сыпырғышына отырып, кетіп қалады) Эльф пен Ақкала кіреді

Эльф: Алақай, қанаттарым өзімде! Жаңа Жылды қарсы аламыз. Шырша шамын жағамыз. Арман тілектер орындалсын! **Қуант бізді таңырқат, шамдарыңды жарқырат!**

(Эльф таяқшамен шырша шамын жағады)

Ән «Hello, Rendier»

Би: «Эльфтер» биі

Қоштасатын кез келді, бірақ Жаңа Жылда міндетті түрде мен сендерге келемін! Сау болыңдар балалар!

Жүргізуші: Тыныш. Тыныш балалар, сонау алыс шақардан біреу келе жатқан секілді. Мүмкін Аяз ата шығар. Бірге шақырып көрейікші:

Балалар: Аяз Ата!

Аяз ата: Уа, жұртым, жиналған.

Көңілдерін дүр маржан.

Айналайын ұлдардан

Айналайын қыздардан

Аяз ата, Ақшақар

Жетті жолдан киналған

Ештеңе емес барлығы,

Алдымыздан күлді арман

Мықтылығым мәлім ғой.

Өтіп кеткен жылдардан. Өздерінді сағынып келдік. Жаңа жылдарың құтты болсын. Жаңа жыл береке, бірлік әкелсін. Барлығы үшін бақытты да қуанышты кезең болсын. Мен сіздерде бір жыл бұрын болғанмын, биыл сіздерді қайта көргеніме қуаныштымын. Өскенсіңдер, үлкен болғансыңдар.

Ал, мені сендер таныдыңдар ма?

Ойын ойнағыларың келе ма? Әлемде көп ойын бар, менің ең сүйікті ойыным қатырмақ!

Ойын «Қатырмақ»

Керемет ойнадыңдар, балалар, шаршаған шығарсыңдар?

Балалар: Шаршамадық мүлде біз, билейікші тағы біз

Аяз ата: Мен билер едім, бірақ билеуді ұмытып қалдым. Маған билеуді үйренуге көмектесесіңдер ме?

Балалар: Иә

Хоровод №2 Өн « Қош келдің Аяз Ата, Ақшақар »

АЯЗ АТА: Мен шаршадым, шаршадым, көптен бері бұлай билеген емеспін! Отырайық, кім маған тақпақтарын айтқысы келеді

ТАҚПАҚТАР: Ханшайым, Асылым, Сезім, Фарида, Айым Қ., Рамазан, Алан, Айәділ, Айымжан, Аян, Сара. Айя.

Би: « Жаңа жылдық би » /қыздар/

Жүргізуші: Аяз Ата сіз сыйлықтар алып келдіңіз ба?

Аяз Ата: О...сыйлықтар! Мен оларды әкеле жатқаным есімде, бірақ сөмкемнің қайда құлағанын білмеймін. Қатты боран соғып, қар бұрқ етті! Дүрбіммен қарап көрейін, мүмкін тауып қалармын!

Көріп тұрмын, Жалмауыз кемпір алып келе жатыр екен. Мен шырша артына тығылайын, не боларын көрейік.

Жалмауыз кемпір: Охх қандай керемет, бәрінді алдап кеттім. Барлық сыйлықтар менде тряляля-траляля! **(қапты ашпақшы)**

АЯЗ АТА: Кәне, сиқырлы таяғым, **(Таяқты 1-і рет еденге қағып жібереді)**

Балалар үшін байқап көр! **(Еденді 2-ші рет қағады)**

Атаның көңілін қалдырма, сыйлықтарды допка айналдыр! **(сиқырлы музыка)**

Жалмауыз кемпір: Бұл қандай әзіл? Сыйлықтар қайда?

Алдадыңдар! Ал, Аяз ата, күте тұрыңыз!

(Сөмкені қамалға сүйреп апара жатады)

АЯЗ АТА: Барлығы маған көмектесіп, қарды тез лақтырыңдар!

(Барлығы қар кесектерін лақтырады)

Жалмауыз кемпір: О, қандай тікенді қар! Ал жел қайдан шықты, мен тоңып тұрмын... *(секіреді, жылынуға тырысады)*

Жалмауыз кемпір: Мен тоңып тұрмын... *(жылап).*

АЯЗ АТА: Неге жылайсың? Мерекеде қалғың келе ме?

Жалмауыз кемпір: Иә, қалғым келеді!

АЯЗ АТА: Жылама, мен бүгін мейірімдімін! Балаларды ренжітпейсің бе?

Жалмауыз кемпір: ЖО-ЖО-жооқ! Аяз ата, мен қазір бәрін жөндеймін. Мерекеге орай тосын сыйым бар:

1, 2, 3, үйшігім кіре ғой! *(Залға үйшік кіреді.)*

Жалмауыз кемпір: Ал, үйшігім, бұрылып, барлық балаларға өзінді көрсет! *(үйшік айналады)*.

Жалмауыз кемпір: Менін үйшігім қарапайым емес. ғажайып

1, 2, 3 сыйлықтарды бере ғой

(шәпке, сытырғыш, етік, үйшіктен ұшады)

АЯЗ АТА: Қап - ай? Мынаны тез арада дұрыстау керек!

Кішкентай үйшік қу болма, балаларға сыйлықтар сыйла!

(бірнеше сыйлықтар үйшіктен беріледі, ал қалғандары ағаштың артынан үнсіз шығарылады)

СЫЙЛЫҚТАР.

Аяз ата: Жаңа жылда сіздерге әлемдегі барлық қуаныштарды, сізге де, балаларыңызға да жүз жыл денсаулық тілейміз!

Жалмауыз кемпір: **ЖАҢА ЖЫЛДАРЫҢЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!**

Би: « Флешмоб »

Жүргізуші: Би биледік, жыр жырладық

Қызығына тоймадық

Достарменен ойнадық

Жаңа Жылды думандатып тойладық! Ал, құрметті қонақтар осымен мерекелік ертенгілігіміз аяқталды. Қош сау болыңыздар!



ЖШС С.О.К. «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі: С.Д.Ербатырова



**Баяндама: «Тәрбие тал бесіктен»
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы**

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

Баяндама «Тәрбие – тал бесіктен»

Тәрбие тал бесіктен басталады. Әке мейірімінен құрышын қандырып, ана сүтінен нәр алып, «Әке ұлағаты» мен «Ана тағылымын» көріп өскен ұрпақ елін, жерін, халқын сүйетін, елінің болашағын, халқының қамын ойлайтын, жоғын жоқтайтын, парасатты, ой—өрісі кең, дүниетанымы жоғары, жан—жақты, білімді де білікті, ұлтжанды тұлға болып қалыптасады.

Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, яғни, қоғамға, өзі—өсетін тіршілік ортасының мүшесі болады. Адам дүниеге келісімен өзі көріп отырған адамдардың іс—әрекетіне, қимылына, ас ішуіне, жүріс—тұрысына, сөйлеуіне, ойнауына, әңгімелесуіне тандана қарап, өзі де сол көргендерді есту мақсатында әрекет жасайды. Осыған байланысты «Ұядан не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» — дейді халық. Сондықтан баланың ең әуелгі өсетін ортасы, отбасы тәрбиесіне өте терең көңіл бөлу керек. Баланың көп уақыты отбасымен бірге өтеді. Сондықтан да, ата—ана балаға үніле қарап, үнемі бақылап және қадағалап отыруы керек. Егер отбасында жақсы тәрбие алған болса, өскенде сол тәрбиенің ізімен баруы сөзсіз. Отбасындағы барлық адамдардың іс—әрекетіне, бала тәрбиесіне бірінші әсер ететін орта. Бала сол ортаға қарап өседі. Сол үшін балаға отбасындағы тәрбиені қоғамдық ортаға байланыстыра отырып берген адам ұтады. Отбасылық құндылықтар – ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың негізі. Ал психологиялық—педагогикалық тұрғыдан алғанда құндылықтар адамның жеке тұлға ретінде өз өміріне деген жауапкершілігін қалыптастыру, рухани әлемін байыту, әрбір адамның ерекшелігін түсіндіру, адамдар арасындағы жағымды қарым—қатынастардың маңыздылығын көрсету үшін қолданылады. Сондықтан әр ата—ана баланың отбасылық құндылықтарды толық меңгеруіне мүмкіндік жасағаны абзал. Отбасындағы құндылықтарды бағалай алмаса, адам ұлттық құндылықтарды да құрметтемей өтуі мүмкін. «Ел боламын десек, бесігінді түзе» деген қанатты сөз де осы ойдың дұрыстығын мензейді.

Тәрбиенің қиындықтары көп, сол қиындықтан қашпаған ата—ана ғана саналы тәрбие бере алады. Ол үшін баланың не істеп жүргенін, кіммен ойнайды, қай жерде жүргенін, тапсырманы қалай орындағаны сияқты жұмыстарын қадағалап, түсіндіріп, жан—жақты тәрбие беру, оны әрі қарай дамыта білу керек. Отбасындағы өзара қарым—қатынастың дұрыс болуы, бала тәрбиесінде әке мен шеше рөлінің өте маңызды екені белгілі. «Балаңа бес жасқа дейін патшандай қара» дегеннің терең мәні бар. Тәрбие баламен сөйлесумен, әңгімелесумен, оған ақыл—кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие – тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі—өнеге көрсетуінде. Отбасындағы бала тәрбиесі халық өмірімен, қоғамның мақсат—міндеттерімен байланысты болуы керек. Баланың жақсылығын да, жамандығын да, жемісі мен жеңісін де көретін ата-анасы! Халқымыздың ұлы ақыны Абай баланың өмірді танып—білуіне, оның бойында қалыптасар барлық қасиеттеріне бір жауапты адам ата—ана дей келе: «Балаға, көбінесе, үш алуан адамнан мінез жұғады. Біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан. Осылардың ішінен

бала қайсысын жақсы көрсе сонысынан жұғады» деуінде үлкен тәрбиелік мән жатыр.

Қазір мектеп жасына дейінгі балалар бірыңғай бұрынғыдай тындаушы ғана емес, оқырман да. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында оқу қызметін меңгерту басты бағыты болып саналады. Ересек адам мектепке дейінгі балаға күшті педагогикалық әсер етеді, ол өзара әрекет үрдісінде кешенді әдістер мен тәсілдердің көмегімен танымдық белсенділікті қалыптастыруға, балалардың психикалық ойлау, қабылдау, ес, зейін, сөйлеуді, өзіне сенімділікті және ынталықты дамыта отырып, олардың белсенді танымдық іс—әрекетпен шығармашылыққа бой алуына көмектеседі. Сонымен, отбасылық тәрбие арқылы балада ұлттық таным жүйелі қаланып, ұлттық сана—сезімі қалыптасқан жағдайда ғана ол ұлт мүддесін ойлайтын, елжанды азамат бола алады. Ал сол жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші – мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс—тәсілдерін іздестіреді, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағыттар қарастырып, өздерінің іс-тәжірбиесінде қолданып отырады. Қазақстан Республикасы көпұлтты мемлекет болса да оның төл мәдениеті мен ұлттық құндылықтары оны мекендеген басқа ұлттардың дәстүрлеріне қайшы келмейді. Тәрбиенің тал бесіктен басталатынын ескерсек, ата-бабадан келе жатқан ибалық пен инабаттылықты өзіміз түпкілікті түсініп, балаларымызға сол тәрбиенің нәрін сіңіре білсек, бұл қазіргі заманда бала тәрбиесіне қосқан біздің қомақты үлесіміз болып табылады.

Бүгінгі таңда нағыз ұлтжанды, жүрегі қазақ деп соғатын азаматтарды тәрбиелеу үшін ата—ана тәрбиесі ең басты, ең маңызды, ең қажетті тәрбие болып саналуы тиіс.

«Адам тәрбиелеу, өзінің туған ұлы мен қызын тәрбиелеу – азаматтың ең бірінші аса маңызды қоғамдық қызметі, оның азаматтық борышы» — деп В.А. Сухамлинский айтқандай, бала тәрбиесі отбасынан басталатынын ата-ана әрдайым жадында ұстауы тиіс.

Еліміз егемендік алып, өз мәртебесі биіктей түскен шақта ең алғашқы алға қояр міндеттің бірі – бала тәрбиесі – егеменді еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақ тәрбиелеу. Ал сол жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші – мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс—тәсілдерін іздестіріп, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағыттар қарастырып, оны өздерінің іс—тәжірбиесінде қолданып отырса, бала тәрбиесі алға басары сөзсіз.


ЖШС С.О.К. «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі: С.Д.Ербатырова

«Қызықты қыс мезгілі» отбасылық фотокөрме
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

Ақтөбе 2024-2025ж.



«ТОО «С.О.К.» «Бекітемін»
ЖШС С.О.К. «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі: С.Дербатырова

**Баяндама «Тұйық бала қайдан шығады?»
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы**

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

«Тұйық бала қайдан шығады?» ата-аналарға арналған баяндама

«Бала – ол әр ата-ананың баға жетпес байлығы» екені бәрімізге мәлім. Бала үшін барлығымыз бар жақсылықты жасауға тырысамыз, келешегін бүгінгі күннен ойлайтынымыз рас. Осы сәттен баламызға көңіл бөлемізбе, әлде тек жұмыстың соңында кетіп бара жатқан жоқпызба деген сұрақ мазаламай қоймайды. Соның салдарынан баламыз келешегіне зардабын тартпаса екен дейміз немесе жаман жақтарын көрсетпесе екен. Осындай себептердің бірі – баланың тұйық болып қалуы. Егер сіздің балаңыз онша сөйлемейтін және де балабақшада, үй маңындағы балалармен онша ойнамайтын болса, сонымен қатар тек жалғыздықты қалайтын болса, ондай баланы тұйық балалар қатарына жатқызуымызға болады. Тұйық болудың бірнеше себептері бар: Мәселен, ол мүмкін оның психологиялық ерекшелігіне, жан-дүниесінің нәзік келуі болып табылады. Егер бала тек жалғыз болғанды ұнататын, бірақ берілген тапсырманы бұлжытпай орындайтын болса, үндемей өз ойын ішінде сақтап, сыртқа шығармаса, онда ол балаға дер кезінде көңіл бөлінуі керек. Осы кезде ата-ананың қатал болуы, дөрекі сөйлеуі, ұрысу баланың өмірге деген көзқарасының дамуына әсер етіп, одан әрі жасқаншақ болып кетуі әбден мүмкін. Тұйық болудың ең көп кездесетіні: жанұяда жалғыз өскен балаларда кездеседі. Ағасымен апайының болмай, амалсыз үйде ойнауы бала өмірінің дамуына әсер етеді. Сонымен қатар ата-аналардың көзқарасына байланысты. Егер, ата-ана туыстарымен онша араласпай, тек жағымсыз жағын естіртетін болса, онда баланың дамуына туыстық көзқарасы бұрыс қалыптасады. Сондықтанда ата-ана көзқарасы, ойы үлкен әсер етіп отыратыны анық. Тұйық болуға итермелейтін тағы бір себеп: ата-аналардың іс-әрекеті. --- Сіз балаңызға көп уақытыңызды бөлесіз бе? Егер балаңыз өз қолымен әдемі сурет салса немесе кесте тігіп, өте қуанышты көңілмен әкеліп ұсынса, ал сіз болсаңыз жай ғана көзіңіздің қырын салып қарай алдай салдыңыз делік. Бұнда өз ойыңызды қоспай, шын пейілмен мақтаса баланың алға деген ынтасы туындайды. Немесе сіз балаңыздың тек жаман қылықтарын ғана айтып, мақтамай бетіне басатын болсаңыз бала төмендеуі мүмкін. Психологтардың айтуы бойынша тұйықтықты олардың салған суреттерінен де байқауға болады. Бұл тәжірибені 4 жастан салғызуға болады. Бала өзін ақ бетке қалай салады? --- Егер ол өзін өте үлкен қылып салса, онда ол еркеліктің белгісі. --- Керісінше, үйде үлкені бола тұра өзін кішкене қылып салса, онда ол өз орынын маңызды деп санамауы. Егер өзін анасынан не әкесінен алшақ қылып салса, онда ол мүмкін әке-шешесінің көп көңіл аудармауы. Егер ата-ананың жұмысы көп болып, балаға деген көңілінің болмауы немесе істеген ісінің жемісін көрмеуі, жақтырмай немқұрайлы қарай салу, Бала санасында: өз ісінің бәрібір қате болатынын, үлкендерге тек кедергімді тигіземін деген ой қалыптасады. Кейбір ата-аналар баланың жағаласпауы үшін немесе уақыттарын алмауы үшін тек материалдық жағын қамтамасыз етуге тырысады. Баланы тек әдемі, қызықты ойыншықтар сатып беріп, алдап отырады. Міне, осыдан бала өз бөлмесінде тек ойыншықтармен ойнайды. Ата-анасы үйде бола тұрса да бала олардың бар екенін елемейді. Өйткені олар баламен бірге емес, әркім өз ісімен шұғылданады. Осындайда ата-анаға деген сезім, махаббатта болмайды. Бір жағынан балаға шектен тыс көңіл аударып, еркелете берудің қажеті жоқ. Сондықтанда балалар ата-анасының қандай маңызды жұмыс атқаратындарын білулері керек. Мәселен: Егер анасы

бірге ойнап кетсе аш қалатындарын ақырын ақылмен ұғындыру.Ең бастысы – балаға айғайламай,қатты сөйлемей тек ақылмен ақырын ғана ұғындыру. Бала ата – анасының қорғанышы,сүйіктісі болу керек. Осы өмірде өте мықты,ержүрек,ешкімнен қорықпайтын әкесінің бар екенін,және де өте мейрімді, ақылды анасының бар екенін сезінуі тиіс. Әсіресе мектепке дейінгі балаларға ата – анасының көп көңіл бөлуі,жанұялық махаббат қолдаушылық көрсеткен өте маңызды. Толық қанды бала болып өсуі үшін: Ішкі және сыртқы сезімдерінің тек бақытты жанұяда дамытуға болады. Егерде жанұяда махаббат,сүйіспеншілік,мейрімділік,өзара түсінушілік болған жағдайда ғана баланың ішкі және сырты сезімдері осы бақытты жанұяда толықтай жетіледі. Бала тұйық болмау үшін үйге жиірек қонақтарды шақыруға тырысыңыз. Бала үшін басқа адамдармен,бөтендермен қарым – қатынас жасау тиімдірек. Баламен сөйлесіп олардың әңгімесін тыңдап, бірге ойнап,ата – ана баласына не қажет екенін неге өкпелегенін т.б. біле алады.Осы арқылы баланы өмірге деген сенімін туғызуға болады. Көптеген балалар қиалдағанды ұнатады.Баланызға мысал: «Кляксы» ойын ұсыныңыз 5 – бжастағы.Оны табиғатта да, жолда келе жатып аспандағы бір бұлтты көрсетіп оның неге ұқсайтынын сұрауға болады. Ойлану кезінде кедергі жасамай,өз ойын айтқызуға тырысыңыз . Тек бір ғана сөзбен өз ойын аз білдірсе, оның қиялының дамымағанында. Егер ештеңеге ұқсата алмай,өз ойын, айтпаса,онда қиялы дамымаған немесе сәтсіз уақытты таңдағаныңыз. Тағы бір ойын «Ғажап аң» онда балаға « өмірде жоқ құсты немесе аңды сал- деу» керек.Көбінде балалар өз ойларын салады. Содан соң оның аты кім екенін, оның қайда мекендейтінін сұрап, жауабын алуға болады. Балаға ертегілер айтып, оның мазмұнын есіне сақтатуға тырысыңыздар.Өзіне ертегіні құрату өте тиімді. «Танысу» ойынын ойнатуға болады. Балаларды жаныңызға айналдыра отырғызып өздері жайлы бір – екі сөлем айтып берулерін сұрау. Тұйық болудың тағы бір себебі : табиғи,туа біткен кемістіктің болуы. Мысалы: Көзі онша көрмеуі, толықтық т.б. Балаға ешқашан өз кемістігін айтып бетіне басуға болмайды. Керсінше кемістігінің бар екенін білдірмей , оны мадақтап отыру керек. Мысалы: Мен көзілдірік тағам, бірақ мен тапсырманы күшті орындаймын, мен толықпын бірақ балалармен маған көңілді. Тағы « Мен кімін?» , « Менің жақсы жақтарым және кемшілігім» деген сұрақтарды қою арқылы баланы білуге болады. Мұндай ойынды тек балалармен ғана емес, сонымен қатар үлкен адамдарға да қоюға болады . Мақсаты: Ұялмай өзінің кемшілік жақтарын, жақсы жақтарын ортаға айту. Балаға адамдармен қарым – қатынас жасау мүлде зиян емес екенін, қорқатын ештеңе жоқ екенін айту. Адамның ішкі сырын білу, соның ішінде өз балаңыздың ішкі сырын білу оңай емес . Ал оны дұрыс жолға тәрбиелеу ең қиын істердің бірі, ол үшін сіз қаншама шыдамдылығыңызды күшіңізді аямай төгесіз.

ЖШС С.О.К. «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі: С.Д.Ербатырова



Ертегілер күні: «Ай мен жұлдыз» ертегісі «Балдәурен» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

Ақтөбе 2024-2025ж.

Ай мен жұлдыз ертегісі

Мақсаты: Ертегіні түсіндіру барсында сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту. Жақсылыққа тәрбиелеу. Ертегіні сахналай білуге үйрету.

Ерте-ерте ертеде, орман-тоғайлы тауды мекен еткен шал мен кемпір болыпты. Олардың Айсәуле дейтін жалғыз қызы болыпты.

Айсәуле үйінің ерке, ақылды қызы екен. Бір күні Айсәуле жеміс-жидек теруге орманға кетеді. Жеміс-жидек теріп жүріп, Айсәуле орманда адасып кетеді. Ну орманда жалғыз қалған қыз, қарағайдың түбінде жылап отырса, оған бір әже кезігеді.

Әже: Қызым, саған не болды?

Айсәуле: Мен орман ішінде жеміс-жидек теріп жүріп адасып кетіппін.

Әже: Сен жылама, оданда менің үйіме жүр.

Әжесі Айсәулені үйіне апарады.

Әже: Қызым, мына үйді тазалап қой. Бұл үйде менің балаларым бар. Сен оларға тамақ бер. Олар саған тиіспейді.

Айсәуле: Жарайды /үйін тазалайды/

Басқа амалы қалмаған қыз әжейдің үйін айнадай қылып тазалайды. Ыдыстарын жуады. Үйін сыпырады. Бір кезде көрпе жинап жүрсе, көрпенің астынан жәндіктер шығады.

Айсәуле: Білдім, кемпір рас айтқан екен, мен оларға тамақ берейін. Үйде кебектен басқа еш нәрсе жоқ. Кебектен ботка пісірейін.

Сөйтіп Айсәуле кебектен ботка пісіреді. Оны жәндіктерге береді. Айсәуле олармен достасып кетеді. Бастарынан сипап олармен ойнайды. Бір кезде әжей келеді:

Әже: Қарағым, сен жақсы қыз екенсің. Жүр сен екеуміз Дарияның жағасына барып келейік.

Дарияның жағасына келген соң күртешесін тігіп беруді сұрайды.

Әже: Қызым, сен мына Дарияға қарап отыр. Алдымен көк су келеді, содан соң қара су, кейін сары су келеді. Сол кезде мені оят, - дейді де әжей ұйқыға кетеді.

Ертегілер әні кетеді:

-Айсәуле ән айтып болып Дарияға қараса алдымен көк су, кейін қара су, содан соң сары су келеді. Сол мезетте қыз әжейді оятады.

Айсәуле: Әжей, ояныңыз!

-Әжей ояна сала Дарияның түбінен бір қобдишаны алып шығады.

Әже: Қарағым, сен жақсы қыз екенсің, мен айтқан тапсырманың барлығын орындадың. Осы саған сыйлығым, осы қобдишаны үйге барып ашасың. Сенің үйің ана жақта.

Осылай әжей Айсәулені шығарып салып, өзіде кетеді. (қыз орманмен жүріп үйіне барады)

Айсәуле: Анашым, әкешім, мен келдім.

Ата-анасы: Қош келдің, қызым. -Дәл сол уақытта үйге қонақтар келеді.

Екінші ата-ана: Ассалаумағалейкум! -Айсәуле манағы қобдишасы есіне түсіп, қобдишаны ашып қалса іші толған алтын екен.

-Көрші бұны кім берді деді.

Айсәуле: Маған мұны әжей берді.

Көрші: Ол кемпір қайда?

Айсәуле: Анау орман ішінде үлкен қарағай жанында үй бар.

Көрші әже: Әй, шал. Сен де қызыңды кемпірдің үйіне жібер.

Шал: Жарайды. Қызым сен де, сол кемпірдің үйіне барып кел.

Сөйтіп шал қызын орманға жібереді. Әрі күтеді, бері күтеді. 6 сағат өткен соң қыз келеді. Қолында қобдишасы бар.

Шал: Қызым, әлгі кемпірге бардың ба?

Қыз: Иә бардым. Ол кемпір жаман екен маған үй жинатпақшы, киімін тіктірмекші, ән айтуды сұрады. Мен бірақ ешқайсысын жасамадым.

Көрші кемпір: Оны қойшы, одан да қобдишаны ашып көрейік те?!
Қыз қобдишасын ашып қалса, ішінде жылан бар екен.

Көрші: Мынау не?

Шал: Ана қобдишаны ауыстырып бер.

Айсәуле: Жок, ол менің қобдишам.

Осылайша қыз қобдишаны алып қаша жөнеледі. Содан бері Айсәуле үйіне оралмапты. Дәл сол кезде аспанда Ай пайда болыпты. Содан бері Айсәулені айға айналып кеткені, қобдишадағы алтындар жұлдыз болып аспанған шашқаны, сұлу қыздарды айға тенеу осыдан қалған екен



**Ата-аналар жиналысы: «Мектеп жасына
дейінгі балалардың дамуындағы ашық
ойындардың рөлі»
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы**

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

Ата-аналар жиналысы

Тақырып: "Мектеп жасына дейінгі балалардың өміріндегі ойынның рөлі"

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың ойындары туралы ата-аналардың түсініктерін байыту.

Тапсырмалар:

1. Ата-аналардың баланың дамуындағы ойынның маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.
2. Ата-аналардың өз баласымен бірлескен ойын іс-әрекетіне қызығушылығын ояту.
3. Ата-аналарды одан әрі ынтымақтастыққа тарту.

Іс-шараның барысы

Қайырлы кеш, құрметті ата-аналар! Сіздердің барлық істеріңізді кейінге қалдырғандарыңызға және бүгін біздің ата-аналар жиналысына қатысқандарыңызға қуаныштымыз!

"Түрлі-түсті алақандар" сәлемдесу ойыны

(Ата-аналар музыкамен ретсіз қозғалады. Мұғалім көк, қызыл және сары түсті түрлі-түсті картоннан қиылған үш "алақанды" ұстайды, сол немесе басқа алақанды көрсетеді. ата-аналар әрекетті орындайды)

Сигнал нұсқалары:

қызыл "алақан" - қол алысу керек,

көк "алақан" – нығынан сипау,

сары "алақан" – арқанмен сәлем айт.

"Ассоциациялар" жаттығуы.

Құрметті ата-аналар, ойын сөзімен байланыстыратын сөздерді тандап алыңыздар. (Балалар, толқу, белсенділік, іс-әрекеттер, атрибуттар, қуыршақтар, ойыншықтар).

Сіз бүгін не туралы сөйлесетінімізді, жиналысымыздың тақырыбы қандай екенін болжаған шығарсыз? Дұрыс, бүгін біз балалармен ойын ойнау туралы сөйлесетін боламыз. Біздің ата-аналар жиналысының тақырыбы : "Мектеп жасына дейінгі балалардың өміріндегі ойынның рөлі"

Күн тәртібі:

1. Тәрбиешілердің тақырып бойынша баяндамасы: "Мектеп жасына дейінгі балалардың өміріндегі ойынның рөлі"
2. Презентация "Ал бізде, балабақшада ойнаймыз..."

Кішкентай кезінен бастап ойын баланың жетекші іс-әрекеті болып табылады. "Сен не істеп жатырсың?", - деп бала ойланбастан бұл сұраққа: "Мен ойнаймын!" - деп жауап береді. Балалар үйде, балабақшада, көшеде, қонақта ойнайды. Кез келген қызықты іс-әрекет олар үшін "ойын" сөзімен белгіленеді.

Ойын барысында мінез-құлықтың озбырлығы қалыптасады, танымдық процестер белсендіріледі. Ойында бала ересектердің тұрмысы мен еңбегін, отбасы өміріндегі түрлі оқиғаларды, адамдар арасындағы қарым-қатынасты жаңғыртады.

Ересек мектеп жасына дейінгі баланың әрбір ата-анасы баласын мектепке дайындау мәселесіне алаңдайды. Сонымен, ойын балаларды мектепке өте жақсы дайындайды. Ойын барысында бала мектепте оқуға қажетті дайындықты алады: дене дайындығы, тұлғалық дайындығы, интеллектуалдық

дайындығы, әлеуметтік дайындығы. Оқуға деген мотивация да ойын арқылы жүзеге асады. Ойын барысында бала достар табады. Егер бала белгілі бір ойын тәжірибесін уақытында алмаса, кейіннен қарым-қатынаста, мінез-құлықта қиындықтар туындауы мүмкін.

Құрметті ата-аналар, біздің сіздермен міндетіміз - балаға ойын ұйымдастыруға көмектесу, оны қызықты ету. Балалармен мүмкіндігінше жиі ойнаңыз. Кез келген мінез-құлықты емес, кез келген сезімнің көрінісін құптаныз.

"Менің балалық шағымның ойындары мен ойыншықтары" атты тәжірибе алмасу. Көбіміз әлі күнге дейін сүйікті ойыншықтарымыз бен ойындарымызды есімізде сақтаймыз. Көптеген отбасыларда ойыншықтар ұрпақтан-ұрпаққа ауысады, бұл ойыншықтардың белгілі бір құндылығы, жағымды, жақсы естеліктері болады. Құрметті ата-аналар, балалық шағыңызда не ойнағаныңыз есіңізде ме? Балалық шағыңыздағы ойыншықтарыңыз аман қалды ма? *(ата-аналар ойынға байланысты өмірлік жағдайларды айтады, ойындар мен ойыншықтарды көрсетеді, балаларына ойыншық таңдау тәжірибесімен бөліседі).*

Отбасында да ата-аналардың балаларды ойын құралдары арқылы дамытуға ұмтылуы өте маңызды. Өзімізге сырттан қарайық: біз, қайсысы? Үйде балалармен ойнағанды ұнатасыз ба? Бұған уақыт тауып жатырмыз ба? Біз балалармен қаншалықты жиі ойнаймыз?

"Көңілді доп" доп ойыны

Сіз көңілді допты айналдырасыз,

Жылдам, жылдам қолмен.

Кімде көңілді доп бар

Ол бізге сұраққа жауап береді.

Сұрақтарыңызға шынайы және шынайы жауап берулеріңізді сұраймыз.

1. Жакында баламен қандай ойын ойнады?
2. Егер бала онымен ойнауды сұраса, сіздің әрекеттеріңіз.
3. Балаңыз үйде қандай ойындарды жиі ойнайды?
4. Жаңа ойыншық таңдағанда нені ескересіз, нені басшылыққа аласыз?
5. Балалық шақта қандай ойындар ойналды, сіз бұл туралы балаға айтасыз ба?
6. Егер ойыншық сынып қалса, мұндай жағдайда не істейсіз?
7. Балаңыз үйде ойнайтын жерде. Қандай жағдайлар жасалған?
8. Баланың сүйікті ойыншықтары қандай?
9. Баламен кім жиі ойнайды: анасы немесе әкесі, басқа отбасы мүшелері?

Біз балалармен сұхбат жүргізіп, балаларымыздың үйде ойын туралы ойларын білдік.

Балаларға арналған сұрақтар:

-Сіз ойнағанды ұнатасыз ба?

-Үйде қандай ойындар ойнайсыз?

-Сіздің сүйікті ойыншықтарыңыз бар ма? Қайсысы? Сіз олармен қалай

ойнайсыз?

-Үлкендер сенімен ойнай ма? Кім?

-Ойыншықтарды қалай қорғайсыз?

(мұғалім балалардың мәлімдемелерін оқиды)

Тәжірибе №1 "Шар-магнит".

Бізге үрленген шар мен кішкене қағаздар керек.

Допты жүн матаға ысқылаңыз. Қағаз бөліктеріне жақындатыңыз - олар допқа жабысып қалады! Тәжірибе статикалық электр энергиясының бар екендігін айқын көрсетеді. Жүн матаға үш доп салғанда, ол теріс электр зарядын алады. Қарама-қарсы зарядтар тартылатындықтан, олар допқа тартыладымен және теріс және оң зарядтан басқа қағаз бөліктері. Өкінішке орай, соңғы кездері нағыз балалар ойыны компьютерлік ойындармен алмастырылуда. Мұндай ойындар, шын мәнінде, баланың дамуына осынша мүмкіндік беретін ойын емес екенін түсіну керек. Әрине, шынайы және "сапалы" балалар ойындары ересектер үшін әрдайым ыңғайлы бола бермейді, өйткені бұл жастықтар мен көрпелерден жасалған саятшылықтар, бүкіл пәтердегі дизайнерлік қалалар және тәртіпсіздіктер. Алайда, баланы қиялында және ойынында шектеудің қажеті жоқ, өйткені олар әр нәрсенің өз уақыты, ал балалық шақ ойын уақыты деп дұрыс айтады. Ойнауға еркіндік берілген бала өзінің дамуындағы жаңа кезеңге өтуге жақсы дайын болады.

Рефлексия.

Енді мен сіздерге кішігірім сөз тіркестерін айтайын, егер сіз олармен келіссеңіз, тиісті қимылдарды жасаңыз. Егер келіспесеңіз, ештеңе жасамаңыз:

- Егер ересектер балалармен ойын ойнауы керек екеніне сенімді болсаңыз, қолыңызды бұлғаңыз.

- Егер сіз ойын ересек адамға арналған газет немесе интернет сияқты баланың ақпарат тасымалдаушысы деп санасаңыз, аяғыңызды батырыңыз.

- Егер сіз ойын арқылы баланың оқуы мен әлеуметтенуі тиімдірек, ал тәрбиесі жағымды болады деп ойласаңыз, басыңызды изеніз.

- Егер сіз ойын балаға жағымды әсер етеді деп сенсеңіз, алақаныңызды қағыңыз.

Қорытындылай келе, ойын өз бетімен кетсе жақсылыққа апармайды дегіміз келеді. Балаларға арналған ойындар жай ғана көңіл көтеру, уақыт өткізу емес, оның көмегімен орасан зор, күрделі дүниені игеретін, адами қарым-қатынас заңдылықтарын түсінетін мәдени құрал екенін есте ұстайық. мәңгілік шындықтар.

Баршаңызға белсенді жұмыстарыңыз үшін алғыс айтамыз!

ХАТТАМА № 3

«Балдәурен» мектепке дайындық тобындағы топтық ата-аналар жиналысы.
2025 жылғы 14 наурыздағы
Жиналыс тақырыбы:
"Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы ашық ойындардың рөлі"

Қатысқандар: 23 адам.

Қатыспағандар:-2 адам

Күн тәртібі

1. Кіріспе бөлім. Тақырыбы: "Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы ойындардың рөлі" Көңілді Доп ойыны.
2. " Тәжірибе 3: Шар – магнит»
3. «Ассоциациялар жаттығуы»
4. Ата-аналардың шығармашылық жұмыстары.
5. Қорытынды бөлім.

Барысы:

1. Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші сөз сөйледі: Құлмұратова Г.А., ол жиналғандарға мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің жетекші түрі ойын екенін айтты. Бала өзінің сүйікті ойыншықтарымен көп уақытын ойынға арнайды. Ересек адамның алдында белгілі бір міндет түр - ол балаға ойын барысында көмектесіп, баланың ойыннан шеттетілмей, ойынның толыққанды қатысушысы бола отырып, ынтамен ойнауын қадағалауы керек. Тақырып бойынша ата-аналар сауалнамасы: "Доппен ойнау".
2. Екінші сұрақ бойынша мұғалім ойынның маңыздылығы, оның баланың жеке басының дамуына әсерін асыра бағалау мүмкін еместігі туралы тыңдады. Ойын балаға ұялшақтықты, зейінді жеңуге көмектеседі. Ойын балалар ұжымын біріктіре алады, белсенділікке баулиды, ойын барысында саналы тәртіпті тәрбиелей алады. Тәрбиеші Айжан Раимбекқызы , бірге ойнай отырып, балалар бір-біріне көнуге тату өмір сүруге дағдыланатынын айтты. Ол үйде ата-аналар, әрине, ойынға барлық жағдайды жасайтынын айтты - олар ойыншықтарды сатып алып, ойын ортасын жасайды, бірақ олар балалар ойындарына жеткілікті түрде белсенді түрде қатыспайды, әсіресе мобильді, және көптеген адамдар халық ойындарын мүлдем ұмытып кетті,

Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Үйде ата-аналар мен балалардың бірлескен дидактикалық, халықтық, тәрбиелік ойындарын ұйымдастыру.

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.

Шеренова А.Р.




ЖШС С.О.К. «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі: С.Д.Ербатырова

**8 наурыз аналар мерекесіне арналған
ертеңгілік**
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

8 наурыз аналар мерекесіне арналған ертеңгілік

Мақсаты: мерекелік көңіл-күйін құру; ән және қозғалыс орындаушылық даңдыларын қалыптастыру. Аналар мерекесімен бірге күннің нұрын төгіп келген көктем мерекесінің ерекшеліктерін атай отырып, табиғаттың жанаруын, құлпыруын балаларға жеткізу. Ана жайлы тамаша сөздер, өлендер, әндер айту, ана еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.

/Зал көктем мерекесіне орай әдемі безендірілген. Әсем әуенмен балалар кіреді/

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! Мінекей күлімдеген көктем келіп айналамыз құлпырып кетті. Көрікті көктемнің алғашқы мерекесі аналар күні қарсаңында бүлдіршіндер сіздерді құттықтап, сазды сәлем бағдарламасын сіздерге тарту етпек.

Ендеше мерекелік «Көктем шақырады» сазды бағдарламамызды тамашалауға шақырамыз! Кезекті сол бағдарламаға берейік.

Ғанижан: Ана-әрбір адамның ең жақын жанашыры, Ендеше бүгінгі хабарымыз аналарға арналады. Сондықтан сазды сәлем хабары арқылы барша аналарды мейрамымен құттықтаймыз! /бірге/

«Мама, сен бақытты анасың» әні орындалады

Райяна: «Балдәурен» тобының қыздарының аналарына арнаған тақпақтарын қабыл алыңыздар!

Айя

Аялаған анашым,
Мәпелеген анашым.
Менің саған тілегім
Қартаймашы анашым
Теңдесі жоқ данасың
Арқа сүйер панасың
Еңбегіңді ақтаймын
Аман болшы анашым

Ханшайым

Айналдым ана деген асыл аттан,
Шуағын бар әлемге шашыратқан.
Ойнап жүрген құлынын даладағы,
Үйде отырып даусынан ажыратқан.

Жанель

Өмірге ана — бұлақ, ана пана,
Өмірді өркендетер, ана ғана,
Ана! Ол біздің елде ардақты адам,
Кіші де, үлкен де оны ардақтаған.
Өзінің аяулысы Отаны да.

Фарида

Шуақты көктем келді гүлін алып,
Көктемнің мерекесі бүгін анық.

Өмірдің көктемі де, гүлі аналар,
Ана деп бас иеді күллі халық.

Сезим

Аспандағы айымсың
Бакытыма балаған
Құтты болсын мерекен
Айналайын жан анам.

Аймерей

Құтты болсын ақ анам
Сегізінші науырызың!
Қасымда бол әрқашан
Жансын жарық жұлдызың,
Тілейді бакыт бір саған
Өлпештеген ұл - қызың.

Асылым

Ана деген бәйтерегі өмірдің,
Ана деген қуанышы өмірдің.
Анам деген әр бір үйдің жылуы,
Ана деген гүлі туған өмірдің.

Айым Қ.

Бізге карап елжіреп,
Сүйсе беттен күнім деп,
Құшақ ашса келші деп,
Жүгіреміз күлімдеп.
Анамызға еркелеп,
Қуантуды қалаймыз.
Өссек егер ертерек

Сая

Ақ сүт берген балана
Күш - жігерін жұмсаған
Бұл өмірде жан ана
Тең келеді кім саған
Еркелеттің асырадың
Мойыныңа асыламын
Аман болшы ардақты анам
Мен әрқашан қасындамын.

Аяла: Ақ сүтін берген анашым,

Ақылды менің данашым.

Өзіндей жанды әлемнен,

Қайдан табамын анашым?!

Мейірім төккен баршаға

Онымен өмір қаншама?

Анасыз өмір бола ма, Айтындаршы, баршаң да?

Райяна: Құрметті көрермендер, біздің хабарымызға қоңырау шалып.

Құттықтау жолдай аласыздар. Біздің байланыс нөмеріміз 06-20-25. Жакын жандарыңызды құттықтауға асығыңыздар./бірге/

/қонырау соғылады/

Райяна: Мінекей бізге хабарласқан алғашқы көрерменіміз де бар екен. Алло, біз тындап тұрмыз!

Аян: -Алло, сәлеметсіз бе? Менің атым Аян. Мен тобымның қыздарын мерекесімен құттықтайын деп едім.

Райяна: -Тамаша! Қандай тілек айтасыз!

Аян: Мен тақпақ айтып беремін.

Арулар – аяулылар, ардақтылар,
Өмірдің жылуы болып қалмақ бұлар.

Арулар – тірішілікке күре тамыр,
Өмірді бір – бірімен жалғап тұрар.

Рамазан: Біз доспыз гүлдермен
Текке оны жұлмаймыз

Той күні бір-бірден
Қыздарға біз сыйлаймыз

Қайрат: Біз қыздарды сыйлаймыз
Шаштарынан тартпаймыз

Мерекемен құттықтап
Қыздарменен ойнаймыз

-Енді қыздарға арнап әдемі қыздар туралы ән қойсаңыздар екен. Рахмет!

/«16 қыз» әні орындалады/

Ғанижан: Ендігі кезекте «Балдеурен» тобының балалары әлемдегі барша әжелерге арнап тақпақтары мен әндерін айтып береді.

Зерделі

Ақ жаулықты әжемді
Ай жүзіне теңедім
Мейірімін таусылмас
Күн нұрына теңедім.

Зере

Менің әжем, гүл әжем
Алтын әжем, күн әжем
Анам үшін мен үшін
Нағыз ана тілі әжем.

Айым А: Әже деген көп шығар,

Әжемдейі жоқ шығар.

Мейірімді бұл кісі
Қандай ғажап күлкісі.

«Айналайын» дегені

Жанға рақат береді.

Көңілінді табады

Өнді қалай салады.

Айымжан: Таусылмайды өлеңі
Күнде айтып береді.
Барған сайын қонаққа
Кәмпіт алып келеді.
Әжем мені өйткені
Өте жақсы көреді.
Али: Әжем менің әлі де,
Ұқсамайды кәріге
Шай қайнатып береді
Қажет болса бәріне
Айәділ: Әжем менің ақ әжем
Аппақ әжем пәк әжем
Басқалардай емессіз
Сүйкімдісіз ақ әжем

/ «Әжем менің осындай» әні орындалады/

Ғанижан: Райяна сен осы анаңа көмектесесің ба?

Райяна: Әрине, көмектесем, қызықсың сен Ғанижан!

Ғанижан: Ренжімеші, Райянға, одан да «Балдәурен» тобының ұлдары аналарына қалай көмектесетіні туралы айтып берсінші.

Алан: Қалай көмектесем деп,
Ертелі кеш ойладым.
Ыдыстар сынып қалар деп,
Кір болса да жумадым.
Шаңы шыңып кетер деп,
Үй сыпырып қоймадым.

Санжар: Балабақша болмаса,
Дүкенге өзім барар ем.
Ақшам көп болса анама,
Сәнді көйлек алар ем.
Қолымнан келсе от жағып,
Ағашты да жарар ем.
Қыз болсам ғой қиналмай,
Кірін жуып қояр ем.

Азиз. Шәй қайнатып, бала ойнатып,
Үйді жинап қояр ем.
Тамақ жасай алмаймын,
Еден де жуа алмаймын.
Анама берер көмегім,
Мазасын алмай ойнаймын.

Райяна: Айтпақшы осы мерекеде қандай сыйлық бергелі жатырсың?

Ғанижан: Білмеймін әлі, гүл алатын шығармын!

Райяна: Әпкеңе ше?

Ғанижан: Білмеймін

Райяна: Әжеңе ше

Ғанижан: Білмеймін

Райяна: Жылына 1 келетін мерекеге дайындалмағаны несі! Аналардың мерекесі емес пе! Бірдеңе сұрайыншы ұнататын қызың бар ма? Оған не сыйлайсың?

Ғанижан: Ойбуй қайдағы

Райяна: Иә оның бәрі әзіл ал енді «Балдәурен» тобы ұлдарының керемет биін тамашалайық!

Жүргізуші: Мінекей, ардақты аналар! Бағана айтып кеткендей расыменде балалар канша тырысып көмектескісі келгенімен шамалары келмейді. Себебі, олар әлі ойыны қанбаған, ойын баласы емес пе? Сондықтан хабарымызға сәл үзіліс жасап ойын ойнап алайық. Ал біз сіздермен ойыннан соң жолығамыз.

Ойын: «Кім бірінші қызға гүл сыйлайды»

Ғанижан: Құрметті көрермендер! Хабарымызға видео жолдама келген екен. Қане бірге тамашалайықшы.

Ата-ана: Қайырлы күн баршаңызға! Бүгінгі көктемнің шуақты күнінде, сіздермен бірге тікелей эфирде анасы . Осы бағдарлама арқылы «Димаш» балабақшаның ұжымын және барша аналарды 8 наурыз халықаралық аналар мерекесімен құттықтағым келіп отыр. Әрқашан жайнап құлпырып жүре беріңіздер. Денсаулықтарыңыз мықты болсын. Отбасыларыңыз аман болсын. Жұмыстарыңыз әрқашан алға қарай баса берсін. Балабақшамыз дами берсін. Өркендей берсін. Және де бүгінгі мерекелік концертті бимен жалғастырсаңыздар деген ұсынысым бар.

/Гүлдер биі орындалады/

Райяна: Ғанижан, қалай ойлайсың аналар мерекесін Парижде де тойлай ма екен?

Ғанижан: Әрине, тойлайды. Өйткені 8 наурыз халықаралық мереке ғой!

Бірге: Олай болса Париждегі тілшіміз Азамат Аялаға сөз берейік.

А.Аяла: Бонжур, хэллоу! Май нэйм ис Азамат Аяла . Май диар диар мамму ай лов ю соу мач. Сахнада «Париж қыздары» биі!

/ Париж қыздары биі орындалады/

Ғанижан: Райяна білесің бе, біздің аналарымыз балабақшаға барған ғой

Райяна: Иә, білемін. Менің анам кішкентай кезінде қандай болды екен?

Ғанижан: Қандай болғанын көргің келе ме?

Райяна: Иә

Ғанижа: Онда сахна да аналар қарсы алыңыздар!

Ойын: Аналармен ойын

Жүргізуші: Асыл аналар, әлпештеп аялап отырған балаларыңыз болашақта осындай беделді азаматтар болатынына сенеміз. Өлемнің бастауы мен таусылмас қазынасы өздеріңіз. Ендігі кезекте мәпелеп отырған балаларыңыздың сіздерге деген шексіз алғысын әнмен жеткізгісі келеді.

«Аналардың тілегі» әні орындалады.

Жүргізуші. Құрметті көрермендер осымен «Көктем» шақырады сазды бағдарламамыз аяқталып қалды. Аяулы да ардақты аналар! Бүгінгі айтылған әдемі әндер мен әсем билер және жақсы тілектер тек сіздерге арналады. Хабарымыздың соңында бүлдіршіндердің өздеріңізге арнаған әсем гүлдерін қабыл адыңыздар! Келесі эфирде кездескенше қош сау болыңыздар!



ЖШС С.О.К. «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі:  С.Д.Ербатырова



«Ұлыстың ұлы күні - әз Наурыз!»
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

«Ұлыстың ұлы күні - әз Наурыз!»

Мақсаты: балаларға Ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беру. Қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын балалардың санасына сіңіріп, ұлттық қасиеттерге баулу. Ұлттық дәстүрлерге құрметпен қарауға тәрбиелеу. Иmandылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру.

Жүргізуші:

Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!

Босқа қарап тұрмаңыздар.

Наурыз тойы басталды.

Көргендер де армандар,

Көрмегендер де армандар,

Қызықтан тыс қалмандар! Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!

Босқа қарап тұрмаңыздар.

Наурыз тойы басталды.

Көргендер де армандар,

Көрмегендер де армандар,

Қызықтан тыс қалмандар!

Армысыздар құрметті қонақтар. Ұлыс күндеріңіз құтты болсын! Біздің ауылда бүгін үлкен той болайын деп жатыр.

Мәди

Сәнді көктем - Наурыз!

Наурыз тойы - жырымыз.

Көңіл гүлдей жайнасын.

Құлпырсын күн мен ай.

Құтты болсын Наурыз!

Камиля:

Қош келіпсің Наурыз!

Арман тойы халықтың.

Қуанышы халықтың,

Құтты болсын қадамың!

Аяжан:

Наурыз тойы елдің тойы,

Көктем тойы төлдің тойы.

Өн айтатын күні бойы

Жаксы көрем Наурыз тойын!

Ғани:

Би биледік бәріміз!

Егін өңін толқытқан,

Елдің көңілін шалқытқан.

Бас иеміз - Наурыз!

Залға әже кіреді.

Әже: Сәлеметсіздер ме, балалар! Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі құтты болсын!

Салт дәстүрін сыйлайық,

Наурыз келсе, құт келгені халайық,
Шашу шашып, ел боп қарсы алайық!
Шашу .

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе! Рахмет Сізге! Біздің тойымызда қонақ
болыңыз. Төрлетіңіз. Қазір Сіздің назарыңызға біздің сұлу қыздарымыз би
билеп береді.

«Асық» биі.

Жүргізуші: «Тойдың көркі-ән», дейді халқымыз. Ендеше ән шырқайық.
«Көктем келді» әні.

Жүргізуші: Әже, балаларға айтып беріңізші Наурыз мейрамы қалай өтеді?

Әже балаларға Наурыз мейрамы қалай өтетін жайлы айтып береді.

Көңілді әуенмен залға Алдар Көсе кіреді.

Алдар Көсе:

Мен Алдармын, Алдармын.

Сакалымды талдармын.

Сақал түгіл мұрт да жоқ,

Шайтанды да алдадым.

Сусыз жерде өсемін,

Сондықтан да Көсемін.

Сіздердің ауылдарыңызда той болып жатыр деп естегесін келдім.

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе, Алдар Көсе. Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Төрлетіңіз, қонақ болыңыз.

Алдар Көсе: Рахмет! Әрине қаламын. Той болғасын көңіл көтереміз. Қазір
мен балалармен ойын ойнаймын. Ойын «Арқан тартыс» деп аталады.

Алдар Көсе ойын шартын түсіндіреді.

«Арқан тартыс» ойыны.

Музыка әуенімен Бай кіреді.

Бай: Ассалаумағалейкүм!

Алдар көсе: Умағалейкүм ассалам! Қош келдіңіз байеке. Бүгін ауылда үлкен
той болып жатыр.

Бай: қандай той? Қандай мереке? Мен ештеңе білмеймін.

Алдар көсе: Ұят емес пе, байеке. Балалар, бүгін қандай мерекені тойлап
жатырмыз?

Балалар: Наурыз мерекесін.

Алдар көсе: Көрдің бе, бүгін қандай ұлы мереке. Қазақ салт дәстүрі бойынша
қонақ шақыру керек.

Бай: иә, иә! Бәрін де қонаққа шақырар едім, бірақ та сіздерге беретін ештеңем
де жоқ. Өзіміз де бір неше күн аш отырмыз. (қарнын сипайды)

Алдар Көсе: Байеке, ұайымдамаңыз, менде бір сиқырлы қасығым бар, ешқандай да азық түлік керек емес, өзі бәрін пісіреді.

Бай: ал қайда сенде ол қасық, көрсетші? Шынымен де сиқырлы ма?

Бауырсақты да өзі пісіреді ме?

Алдар көсе: Иә, бауырсақты да пісіреді. Тек ғана қазанда суды араластырып тұрғанда, сиқырлы сөздерді айту керек.

Бай: Қане маған көрсетші, сенбей тұрмын.

Алдар Көсе: Олай болса, қазанды сумен әкел.

Бай: Бәйбеше, қазан әкел.

Байдың әйелі қазан әкеледі.

Алдар: қасық, қасық сен айнал, бауырсақты пісіріп бер.

Жүргізуші: бауырсағымыз піскенше, бір жақсы такпақтарды тамашалайық.

Айсултан:

Осыншама жақсылық

Алып келген Наурызым

Төрлет бізге нұр беріп,

Шуақ шашып ақ жүзің!

Эльмира

Наурыз шаттық әніміз

Салтанатты сәніміз

Өн саламыз бәріміз

Би билейміз бәріміз

Диляра:

Наурыз айы - гүл айы

Наурыз айы - нұр айы

Наурыз айда халқымның

Құлпыра түсер шырайы.

Бай мен Бәйбешесі такпақтарды тындап, отырғанда Алдар Көсе өз сөмкесінен бауырсақты алып, қазанға салады.

Такпақтар аяқталғанда Алдар Көсе бауырсақтың дәмін көреді.

Алдар Көсе: Мммм, кандай дәмді бауырсақтар.

Бай сенбей, қазанға жүгіріп: Алдар Көсе, маған да берші. Шынымен де, дәмді. Ал сенің қасығын тағы не істей алады?

Алдар Көсе: Енді бауырсақ болғасын, шай жасайық. Бірақ та ол үшін бізге шай керек, сүт, қант керек.

Бай: Байбеше шай, сүт, қант әкел.

Бәйбеше шай мен сүт әкеледі.

Алдар Көсе: қасық, қасық сен айнал, бізге шай дайында.

Қане әже, қасықты айналдырып, тұра тұрындар, ал біз балалармен ойын ойнай тұрамыз.

Ойын «Қол күрес»

Алдар Көсе: қараңызшы, байеке, шайымыз да дайын болды.

Байеке : кане, кане көрейін. (бай шайдың дәмін көреді). Шынымен де дәмді шай. Сенің сиқырлы қасығын шынымен де дәмді тағамдарды дайындайды екен. Маған сыйлашы оны.

Алдар Көсе: Жок, бай-еке қойыңыз, өзіме керек.

Бай: Онда сат.

Алдар Көсе: ойланып, көрейін. (ойланып, тұрады.) Жаксы, сатсам сатайын.

Қанша алтын бересін?

Бай: 3 қапшық алтын беремін.

Алдар Көсе: келестік.

Бай қасығын алып, мәз болып, қасықты жалап, Бәйбешесімен кетеді.

Алдар Көсе:

Мен Алдармын, Алдармын.

Сақалымды талдармын.

Сақал түгіл мүрт да жоқ,

Байды да алдадым.

Музыка әуенімен залға Қыдыр Ата кіреді.

Қыдыр Ата: Сәлеметсіздер ме, балалар, қонақтар! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Елімізге тыныштық, бақ, береке әкелсін.

Ұлысың оң болсын,

Ақ мол болсын,

Қайда барсаң да жол болсын!

Ұлыс бақты болсын

Төрт түлік ақты болсын!

Ұлыс береке берсін,

Бәле- жала жерге енсін!

Ұлы халқым тоқ болсын,

Көйлектерін көк болсын!

Қайғы уайым жоқ болсын

Қуаныштарын көп болсын!

Келген Наурыз құт болсын!

Әумин.

Жүргізуші: Үлкен рахмет Сізге Қыдыр Ата!

Қыдыр Ата: Мен енді кетейін. Мені басқа да ауылда күтіп жүр. Сау болындар!

Бәрі: Сау болыңыз!

Жүргізуші: Осымен біздің ауылдағы тойымыз аяқталады. Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесі құтты болсын! Баршаңызға тілейтінім зор денсаулық, ашық аспан! Тойымызды бір жақсы әнмен аяқтайық.

«Наурыз-достық мерекесі» әні.



ЖШС С.О.К. «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі: С.Д.Ербатырова



«Қазақтың ою-өрнектері»
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

Қазақтың ою-өрнектері мен олардың мағыналары

Қазақ тумысынан – өте өнерлі, ісмер халық. Ол өзінің тіршілік ізін байтақ даладағы сахараның сан алуан тасынан күнделікті тұрмыс бұйымдарына дейін нақыштап, әшекейлеп, таңғаларлық тамаша суреттер, белгілер яғни ою-өрнек түрінде қалдырып отырған. Халқымыздың тұрмыста қолданған ою-өрнектерін оның интеллектуалдық эстетикалық дүниетанымынан туған, ешкімге де ұқсамайтын көркемөнер туындысы деуге болады. Көптеген зерттеушілер ежелгі ою-өрнектердің астарында халқымыздың табиғаттан алған әсерін дәлме-дәл түсіруге ұмтылған ұмтылысы жатқанын айтады. Көшпелі бабаларымыз космогониялық, геометриялық ою-өрнектерден басқа зооморфтық элементтер тұрмыста түрлі мәнерде көп қолданған. Сонымен қатар, ою-өрнек өнері халқымыздың ауыз әдебиеті секілді мәдени шежіресінің бір түрі деген пікірлер де бар. Белгілі зерттеуші Зейнолла Сәніктің еңбектерінде әрбір өрнектің астарында құпия белгі жатқаны айтылады. Мәселен, айбалта - күш-қайраттың, торсық - тоқтықтың, әртүрлі аң - таулы өңірдің, ағынды су - егістік өңірдің, қарға тұяқ - қыстың, мал - жайлаудың, жарқанат, жұлдыз арадағы құпия белгілерді білдірген. «Сонымен бірге ою-өрнекті теңдеме ою, жүздеме ою, сыңар ою деген сияқты түрлерге бөліп, оның бірінен-бірін туындатып, байытып, дамытып отырған», - деп атап өткен ол өз зерттеулерінде кейбір ою-өрнектердің жеке түрлеріне тоқталып өткен.

Құсмұрын : Жас қыздар мен жігіттердің киімдеріне, жаңа отаулардың жасау-бұйымдарына, иір-иір оюлардың араларына осындай құсмұрын белгілер көп түсіріледі. Құсмұрын ұшқан құстай самғай беруді, ерікті, бақытты болуды меңзейді.

Түйетабан : Түйетабан оюы алыс сапар белгісін білдіреді. Мұндай ою-өрнектер көбінде түйенің қомына, жабуына, керуенге қажетті басқа бұйымдарға көп түсірілген. Әсіресе, ұлы «Жібек жолы» бойынан табылған қазындылардан көп табылуына қарағанда, сол кезде мұндай оюлар жалпыласқан тәрізді.

Итқұйрық оюы жақын аралықты білдірген. Өйткені ит алыс сапарға ілеспейді, ұзаса күндік жерге ғана барады. Сондықтан өгіздің шомына және басқа жақын аралықты білдіретін бұйымдарға итқұйрық белгісі түсірілген.

Қошқармүйіз : Қошқарды қазақ қатты қадірлейді. «Бурада айдаһардың екі түгі, қошқарда бір түгі бар, сондықтан адамға айбарлы көрінеді» деп есептейді. Қошқар мүйізді өрнектер қазақ ою-өрнектерінде өте көп кезігеді. Ол қуаттылықтың, жақсылықтың, молшылықтың белгісін білдірген.

Ұрпақтарының осындай болуын арман еткен адамдар! бала-шағаларына арнап жасаған бұйымдарына қошқармүйіз өрнегін көп түсірген.

Омыртқа - қайраттылықтың, ерліктің белгісі. Ер азаматтарға арналған бұйымдарда, батырдың киімдерінде омыртқа тәрізді ирек белгілер көп нақышталған. Өйткені бел-омыртқасы мықты адамның қайратты болатындығы, белдескенге бой бермейтіндігі жалпы жұртқа мәлім.

Құстандай : Шешендердің, ақындардың шапандарында және басқа да киім-кешектерінде құстандай белгілері көп кестеленген. Мұның өзі - тілді-жақты

бол, үнің бұлбұл құстың үніндей жағымды, жан сүйсінтерліктей ләззатты болсын деген тілек жатыр.

Қолтық ою : Қазақ халқы текеметке, от киізге көбірек «қолтық ою» белгісін салған. Мұнысы «келініз, өз үйіңіздей аунап-қунаныз, құшағымыз ашық» деген кен қолтық белгіні, ақ көңіл, қонақжайлықты білдіргендік болып табылады. Әшекей тәрбие-тәртіпке, әдет-ғұрыпқа, салтанат-сәндікке лайық туындаған. Көшпелі тұрмыс жағдайында «адамгершілік», «ибалылық», «мейірімділік», «әділеттілік» деген ұғымдарды халқымыз өз ұрпақтарына осындай дүниелер арқылы түсіндіріп отырған.

Сыңар білезік - халқымыз Күнге, Айға, аспан денелеріне табынып жүрген сонау бағзы заманда туындаған белгі. Өзі ұнатқан қыздың қолына жігіт сыңар білезік салған. Мұны лайық көрген қыз ас-тойларда сыңар білезікті қолынан тастамай салып жүрген. Бұл сол қыздың сүйген жігітінің бар екенін білдірген.

Қос білезік : Қыз бен жігіт үйленгеннен кейін жігіт келіншегіне «шебер, ұқыпты бол» деген ниетті білдіріп, қос білезік сыйлаған. Оң қол білезігі «бес білезік» деп аталып, бес бөлек заттан - бір білезік, бір бекітпе, екі жүзік, бір оймақтан құралған.

Алқа сыпайыгерліктің, сәндіктің белгісі болған. Қызы он жасқа келген соң ата-анасы оған екі алқа тағады. Екі алқа (қос алқа) «енді үлкейдін, секектемей сыпайы жүр, сонда ғана алқа-моншағын өзіне жарасып, жүріс-тұрысына сән береді» деген ақыл-кеңестің белгісі. Дәулеткерейдің «Қос алқа» күйі - осындай өмірдің суреті.

Бір дөңгелекті жүзік : Бір дөңгелекті жүзік Күн белгісін білдіреді. Халқымыз ертеде Күнге табынған. Өз билеушілерін «Күн тәңірінің жіберген елшілері» деп біліп, «Күнби» деп атаған. Сондықтан өзі тілеулес адамдарға бір дөңгелекті жүзік сыйлаған. Бұл «сізге жаратқаннан амандық тілеймін» деген ұғымды білдіреді.

Қос дөңгелекті жүзік пен мөр жүзік мейірімділік және Әділет белгісін білдіреді. Қалың қос дөңгелекті жүзік, әдетте, қолбасшы адамдарға арналып жасалады. Мұндай жүзіктер мөр орнына да жүрген. Тас көздің бетіне кейде адам аты да жазылған. Ал мөр жүзіктің кішкене түрін «құдағи жүзік» деп атаған. Ұзатқан қызын іздеп барған анасы қызының ол жерде өте көңілді екеніне көзі жетсе, қыз енесінің қолына «құдағи жүзік» салған.

Ертеректе адамдар осыған қарап-ақ ондай ененің келінге жайлы екенін білген.

ЖШС С.О.К. «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі: С.Д.Ербатырова



Әңгіме: «Ойын-өмір мектебі»
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

"Ойын – өмір мектебі"
(ата-аналарға кеңес беру)

"Балалардың ойыны, балалардың еркелігі, балалардың қиялы, балалардың қызығушылығы, балалардың әңгімелері... Егер ересектер бұл ойынды мерзімінен бұрын жоймаса ересектер шабыт пен романтиканы түсініп, бағалай алатын болса, рухани дүниенің болашақ байлығы пайда болатын ерекше атмосфера... сонда олар баланың бақыты үшін көп нәрсе жасады".

С.В. Михалков

Бала іс-әрекетте дамиды. Ал ойын — бұл балалардың іс-әрекетінің бір түрі, ол арқылы олар белсенді, шығармашылық, өзінше оның айналасындағы өмірді және ең алдымен ересектердің іс-әрекеттерін өз еңбектерінің объектілерімен бейнелейді. Ойын барысында бала өзін танытады, оның мінезінің ерекшеліктері, қасиеттері, қызығушылықтары мен қиялдары көрінеді. Содан кейін ол затпен, ойыншықпен бірқатар қарапайым іс-әрекеттерді жасай бастайды және бұл оның жағымды эмоционалды күйін көрсетеді.

Бірге өмірдің алғашқы жылдарында баланы мүмкіндігінше көп ойнайтындай етіп орналастыру керек. Ал үлкендердің міндеті баланы ойынына кедергі келтіріп қана қоймай, дамытушылық ойын ортасын құру, баланы сан алуан ойын түрлерін ойнауға үйрету.

Қалай ойнау керектігін көптеген ата-аналар білмейді. Бұл үшін сізге келесі ұсыныстар көмектеседі:

1. Баламен ойнағанда, сіз онымен бір деңгейде болу үшін оның қасына түсіңіз. Осылайша сіз ойында тең дәрежеде екеніңізді көрсетесіз.

2. Ойын үшін жарқын, әдемі ойыншықтарды тандаңыз. Олардың саны көп болмауы керек, әйтпесе балалардың назары шашыраңқы болады. Ойыншықтардың көлемін ескеріңіз. Тым үлкен немесе тым кішкентай кішкентай балаға ыңғайсыз болады.

3. Жаңа ойыншық сатып алғанда, баланың оны қалай ойнайтынын міндетті түрде көрсетіңіз. Оны қалай ойнауды білмеу арқылы нәресте сыйлыққа деген қызығушылығын тез жоғалтады.

4. Ойынға қатысуды біртіндеп азайтыңыз. Балаңызға өз белсенділігін көрсетуге мүмкіндік беріңіз.

5. Барлық әрекеттеріңізді дауыстап айтыңыз. Ойын үнсіз өткізілмеуі керек. Жаңа дыбыстар, сөздер, қимылдар баланы белсенді сөйлеуге ынталандырады.

6. Ойынға "дұрыс" уақытты тандыңыз. Бала ұйықтағысы немесе тамақтанғысы келмеуі, бір нәрсеге ренжуі керек. Күндізгі режимде ойындарға арнайы уақыт бөлген дұрыс.

7. Ойындарды қайталаңыз. Бала ойынды бірден ұнатпауы немесе ережелерді есте сақтауы мүмкін. Ал ойын жақсы меңгерілген соң, қиялдауды бастаныз. Сіз ойын кейіпкерлерін немесе заттарды өзгерте аласыз немесе ретін өзгерте аласыз. Осылайша, жалықтырған ойын балаға қайтадан қызықты болады.

Ойын фермасында балауға әр түрлі ойыншықтар болуы керек: сюжеттік-бейнелі (адамдарды, жануарларды, еңбек, тұрмыстық заттарды, көлікті және т.б. бейнелейтін, моторлы (әртүрлі арбалар, арбалар, доптар, аркандар, спорттық ойыншықтар, құрылыс жиынтықтары, дидактикалық). (түрлі мұнаралар, ұя салатын құыршақтар, үстел ойындары).

Ойыншық сатып алғанда, оның жаңалығына, тартымдылығына, құнына ғана емес, сонымен қатар педагогикалық орындылығына да назар аударған жөн.

Сонымен, сіз баламен ойнай отырып, сіз оны білім мен дағдылармен байытасыз, іс-әрекеттің нәтижесіне жетуге бағытталған ақыл-ой белсенділігін дамытасыз. Ойындар бала ұйықтап, ояу, тойған, сабырлы, бөлме тыныш болған кезде және оны ешкім алаңдатпаған кезде өткізілуі керек. Мұндай жағдайда ол сіздің түсініктемелеріңізді, көрсетіліміңізді жақсы қабылдайды.

Кішкентай бөлшектерге дейін таныс үйде қызықты нәрселер болуы мүмкін сияқты көрінуі мүмкін, бірақ белгілі бір ынта-жігермен сіз үйдегі ойындарды балаңыз үшін ең қызықты және қалаулы ойындарға айналдыра аласыз.

ЖШС С.О.К. «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі: С.Д.Ербатырова



**«Астан да аллергия болады»
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы**

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

"Балалардағы аллергияның белгілері мен себептері"

Белгілері: Балалардағы аллергия қалай көрінеді? Бұл аурудың сыртқы көріністерін анықтау оның түрін тану сияқты қиын емес: көптеген жағдайларда организмнің әртүрлі тітіркендіргіштерге реакциясы ұқсас. Атопиялық дерматит немесе диатез. Бұл нәресте кезінен басталатын және көбінесе ересек жасқа дейін созылатын айқын бөртпелермен көрінеді. Аллергиялық ринитпен, есекжеммен біріктірілуі мүмкін.

Аллергиялық ринит немесе "шөп безгегі". Мұрынның шырышты қабығының ұзаққа созылған қабынуы, мұрыннан су ағу, түшкіру, тыныс алудың қиындауы. Маусымдық сипатта болуы мүмкін. Көбінесе тозаң мен тұрмыстық шаңға аллергиямен байқалады. Қараусыз қалған түрінде Квинкенің ісінуіне әкелуі мүмкін. Есекжем. Жәндіктердің шағуына немесе қалақайдың күйік ізіне ұқсайтын терідегі бөртпелер. Олар көбінесе қатты қышумен бірге жүреді, бұл сызаттарға әкелуі мүмкін.

Көбінесе бұл тамақ және байланыс аллергиясында кездеседі. Конъюнктивит. Аллергиялық конъюнктивит жоғарғы және төменгі қабақтың ісінуі мен қышуынан, жастың көп бөлінуінен, фотофобиядан, кездегі "күм" сезімінен көрінеді.

Тозаң аллергиясының маусымдық көрінісі де, жыл бойына да болуы мүмкін – реакция кезінде, мысалы, жануарларға. Бронх демікпесі. Бұл тыныс алудың қиындауында, тұншығу ұстамаларында, әлсірететін жөтелде көрінеді. Бала қиындықпен тыныс алады, өйткені тыныс алу жолдары қатты тарылған. Көбінесе алыстан ысқырықты және ысқырықты естуге болады. Егер дәрігерге уақытында қаралмаса, ауру ауыр түрге ауысуы мүмкін. Жоғарыда айтылғандай, егер балада аллергия белгілері бар деген күдік болса, дереу дәрігермен кеңесу керек. Диагноз расталмаса да, мұндай мазасыздық артық болмайды. Аллергияның онсыз да асқынған түрімен ауыратын баланы емханаға әкелгеннен гөрі алдын-алу шараларын қолданған дұрыс. Балалардағы аллергияның түрлері. Шаңға аллергия. Дәлірек айтсақ, шаңның өзіне емес, көбінесе шаң кенелеріне – сапрофиттерге және олардың қалдықтарына аллергия байқалады.

Көбінесе бұл шаң құрамындағы заттарға – өсімдік тозанына, зең спораларына, мамық бөлшектеріне, шашка, ағашқа және т.б. Жануарларға аллергия. Бұл көбіміз ойлағандай үй жануарларының жүнінен емес, мысықтардың, иттердің және басқа жануарлардың терісі мен сілекейіндегі ақуыздардан туындайды. Сондықтан, сфинкс мысығын алғаннан кейін де, сіз баланың аллергияға ұшырамайтындығына кепілдік бере алмайсыз.

Тағамдық аллергия. Мүмкін, балада ең қиын танылатын аллергия болуы мүмкін, өйткені кез-келген өнім немесе оған қоспалар (қант, дәмдеуіштер, тұз және тіпті пребиотиктер) қоздырғыш ретінде әрекет ете алады. Көбінесе сиыр сүтіне және басқа ақуызды тағамдарға (балық, теңіз өнімдері, жұмыртқа, жанғақ) төзбеушілік байқалады. Тозаңға аллергия. Поллиноз – бұл шөптер мен ағаштардың гүлденуіне реакция. Дене тозаң ақуыздарын агрессивті деп қабылдайды және мұрыннан су ағу, түшкіру, көз жасының көбеюі арқылы өзін қорғай бастайды... Әдетте, поллиноз белсенді гүлдену кезеңінде жалғасады, содан кейін аллергия келесі маусымға дейін басылады. Дәрілік

заттарға және басқа химиялық заттарға аллергия. Ересек адамның денесі оңай көтере алатын барлық нәрселерден алыс, балалардың әлсіз иммунитеті де оңай көтере алады.

Көбінесе балалар мен жасөспірімдерде белгілі бір дәрі-дәрмектерді қабылдағаннан, синтетикалық гигиена құралдары мен косметиканы қолданғаннан кейін қорғаныс реакциясы байқалады.

Аллергияны жанама әсерлерімен шатастырмаңыз – дәрі-дәрмектерді қабылдағаннан кейін ол жойылмайды. Сондай-ақ, жәндіктердің шағуына, суыққа, дәрумендердің кейбір түрлеріне аллергияны ажыратуға болады. Бірақ бұл аурудың пайда болу себептерінің әлдеқайда аз кездесетін түрлері.

Балаларда аллергия неден пайда болады? Ол генетикалық жолмен беріле ме, әлде жүре пайда болған ауру ма? Аллергия туа біткен деген пікір бар. Бірақ бұл мүлдем дұрыс емес. Егер ата-аналардың бірінде аллергиялық реакцияның қандай-да бір түрі байқалса, онда балада да оның анықталу ықтималдығы 30% құрайды. Тиісінше, егер ата-ананың екеуі де "аллергиялық" болса, онда нәресте де 60% -ға бейім болады. Жүктілік және емшек сүтімен емдеу кезінде ағзаның аллергиялық реакцияларының пайда болу ықтималдығына және болашақ ананың тамақтануына әсер етеді. Осы кезеңде әйелдер "агрессивті" тағамдарды – ысталған ет, цитрус жемістерін, көптеген шоколадтарды, жаңғақтарды, экзотикалық жемістерді тұтынбауы керек. Нәрестедегі аллергия да жиі кездеседі. Оның себебі – емшек сүтінен ерте бас тарту немесе оның толық болмауы – нәрестенің иммунитеті анасының сүтінен өзіне қажетті қорғаныс заттарын ала алмайды. Егер қандай да бір себептермен немесе басқа себептермен баланы ана сүтімен тамақтандыру мүмкін болмаса, гипоаллергенді қоспаларды танданыз. Бала қатты тағамдарды жей бастаған жаста, сол тәттілерді, жемістерді, ысталған шұжықтар мен еттерді, теңіз өнімдерін, апельсиндерді асыра пайдаланбаңыз. Бұл өнімдер иммунитеттің құрамындағы "белсенді" заттарға реакциясына әкелуі мүмкін. Балалардағы тағамдық аллергия әдетте нәрестелерде және 2 жасқа дейінгі нәрестелерде байқалады, бірақ ол өмір бойы сақталуы мүмкін, сондықтан диетаға - өзіңіздің және баланыңыздың диетасына мұқият болыңыз.

Алғашқы белгілер пайда болған кезде дереу педиатриялық аллергологпен кеңескен дұрыс.

ЖШС С.О.К. «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі: С.Д.Ербатырова



«Қорытынды ата-аналар жиналысы»
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

Ақтөбе 2024-2025ж.

Ата-аналар жиналысының
"Балшақтан-Болашаққа" балабақшамен қоштасу
«Балдәурен» дайындық тобында .

Жиналыс барысы

Мольбертте жиналыстың тақырыбы түрлі-түсті жазылған. Тәрбиешілер ата-аналарды топқа шақырады. Жиналыс басталар алдында ата-аналар фотокөрме материалдарымен танысады.

1. Балабақшадан шыққан кезде...

Меңгерушінің сөзі

Сонымен, сіздің балаңыздың балабақшада болуының соңғы жылы аяқталады. Мектепке дейінгі балалық шақ деп аталатын даму кезені аяқталуда. Жакында мектеп сіздің алдыңызда есігін айқара ашады, ал сіздің балаларыңыздың өмірінде жаңа кезең басталады. Олар бірінші сынып оқушылары болады, ал сіздер, қымбатты аналар мен әкелер, олармен бірге партаға отырасыздар. Біз мектеппен қаншама үміттер мен қуанышты үміттерді байланыстырамыз. Мектепке қабылдау - бұл баланың жаңа білім, құқықтар мен міндеттер әлеміне енуі, ересектермен және құрдастарымен күрделі, әр түрлі қарым-қатынас. Бастауыш интеллектуалдық және практикалық іс-әрекетті мақсатты түрде жүзеге асыруды үйренді. Оларда сөйлеу тілі дамыды, танымдық белсенділігі, дүниеге деген қызығушылығы, жаңа нәрселерді білуге деген құштарлығы, ақыл-ой әрекеті тұрғысынан мүмкіндіктері артты. Балалар қоршаған әлемді жақсы біледі.

Осылайша, мектепке дейінгі жас - бұл баланың дамуындағы барлық салаларда сапалы білім алу жүріп жатқан кездегі баланың өміріндегі шешуші кезең. Балалардың ізденімпаздығы мен ізденімпаздығына сүйене отырып, оқуға деген қызығушылық дамиды.

2. Біз қандай болдық?

Ата-аналарды әртүрлі жастағы балалардың өмірінің сәттерінен құрастырылған бейнефильмді немесе презентация түрінде жасалған фотомонтажды көруге шақырады.

3. Біздің жетістіктеріміз.

Осы жылдар ішінде біз жақын болдық. Біз балалардың қалай өсіп жатқанын бақылап, бір-бірімізге көмектестік, ынтымақтастық пен достық қарым-қатынаста болдық, бір-бірімізден үйрендік, мерекелерді атап өттік, байқауларға қатыстық, балалардың жетістіктеріне қуанып, сәтсіздіктерді бірге бастан өткердік. Біз сіздің балаларыңызды өте кішкентай кездеріңізде еске аламыз және біз олармен бірге өскендерді көргенде қуанамыз. Біздің топтағы әр бала ерекше, әрқайсысының өз таланты мен қабілеті бар. "Біздің жетістіктеріміз" галереясымен танысыңыз. (Тәрбиешілер әр балаға алдын-ала шағын портфолио дайындайды, спорттағы, өнердегі, музыкадағы, бидегі және т.б. жетістіктерін атап өтеді. Әр баланы міндетті түрде атап өту керек.)

4. Тәрбиедегі жетістіктері үшін отбасыларды марапаттау рәсімі.

ата-аналарды алғыс хаттармен және мақтау қағаздарымен марапаттайды. Әр отбасының марапатқа ие болуы маңызды!

Марапаттауға арналған номинациялар:

- Ең дарынды баланы тәрбиелегені үшін.
- Ең спорттық баланы тәрбиелеу үшін.
- Балада мейірімділік пен сезімталдықты тәрбиелегені үшін.
- Баланы салауатты өмір салтымен таныстырғаны үшін.
- Ең белсенді отбасы.
- Шығармашыл отбасының өзіне.
- Ең жанашыр отбасына.

5.Ата-ананың қоржынына.

Жазды мектепке дейін қалай өткізуге болады?

Педагог-психологтың баяндамасы

Жақында бірінші қоңырау соғылады, ал сіздің балаларыңыз бірінші сыныпқа барады. Сіз толқып, аландайсыз, өйткені бұл күн жақындап келеді. Жаңа ұжымдағы баланың қарым-қатынасы қалай дамиды? Мұғалім оны қалай қарсы алады? Сіздің отбасыңыздың әдеттегі өмірінде қандай өзгерістер болады? Осы сұрақтардың барлығы ата-аналарды аландатады. Сіз бұл мәселелерді шешуден қашпауыңыз керек,

Болашақ бірінші сынып оқушысын демалыста немен айналысуға болады:

- табиғи материалдан аппликациялар, коллаждар жасау;
- жаңа өсімдіктер мен жануарлардың атауларын тану, оларды қарастыру және есте сақтау;
- бірге өлең құрастыру;
- баланы жаңа достармен танысуға, олармен көбірек араласуға, ашық ауада ойын ойнауға ынталандыру;
- қызықты танымдық балалар әдебиетін бірге оқу;
- берілген тақырып бойынша шағын әңгімелер құрастыру, ертегілер құрастыру;
- табиғатта көбірек болыңыз, жүзуді үйреніңіз!

Мұндай жазды бүкіл отбасы есте сақтайды, ал табиғатпен қарым-қатынастан алынған күштер мен білімдер қыркүйек айында балаға жаңа оқу жылында пайдалы бола отырып, жақсы бастау алаңы болады. орналастыру маңызды.

Тәрбиешінің сөзі

Ұмытпаныз, құрметті ата-аналар, балалық шақ - бұл әр адамның өміріндегі таңғажайып кезең - мектепке барумен аяқталмайды. Ойынға жеткілікті уақыт бөліңіз, балалардың денсаулығын нығайтыңыз, бірге көбірек уақыт өткізіңіз. Өйткені, дәл қазір сіздің назарыңыз, сүйіспеншілігіңіз бен қамқорлығыңыз балаға бәрінен бұрын қажет.

Сізді мектепке шығарып салғанда: "Қош бол!" демейміз. Дейміз: "Қош бол, жақын арада кездескенше!" Мүмкін, жақын арада сіздердің біреулеріңізге кіші балаларыңызды бізге әкелгенде "қош келдіңіздер!" деп айта алмаймыз. Әзірше, уақыт бір орында тұрмайды, біз сіздерді өмірдегі алғашқы бітіру кешіне шақырамыз!

(Ата-аналар мектеп бітіру кешіне әдемі безендірілген шақырулар алады.)

Хаттама № 4

Өткізу күні: 2025 жылдың 9 мамыр

Қатысты: 21 адам.

Қатыспағандар: 4 адам

Ата-аналар жиналысының күн тәртібі:

1. Балабақшадан шыққан кезде...

2. Біздің жетістіктеріміз.

3. Ата-ананың қоржынына: "Жазды мектеп алдында қалай өткізуге болады?"

4. Жазда балалардың қауіпсіздігі"

5. Әр түрлі. Кеңестер, ұсыныстар, сауалнамалар (топтың жұмысына қатысты ұсыныстар мен тілектер)

Балабақшадан шыққан кезде...

Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші баланың балабақшада болуының соңғы жылы осымен аяқталғанын айтты. Мектепке дейінгі балалық шақ деп аталатын даму кезеңі аяқталуда. Жакында мектеп ата-аналардың есігін айқара ашады, балаларымыздың өмірінде жаңа кезең басталады. Олар бірінші сынып оқушылары болады. Балалардың осы оқу жылында не үйренгендерін тізіп берді.

2. Біздің жетістіктеріміз. Екінші сұрақ бойынша тәрбиешілер балалардың қандай байқауларға қатысқаны туралы айтты. Осы жылдар ішінде біз жакын болдық. Біз балалардың қалай өсіп жатқанын бақылап, бір-бірімізге көмектестік, ынтымақтастық пен достық қарым-қатынаста болдық, бір-бірімізден үйрендік, мерекелерді атап өттік, байқауларға қатыстық, балалардың жетістіктеріне қуанып, сәтсіздіктерді бірге бастан өткердік.

3. Ата-ананың қоржынына: "Жазды мектеп алдында қалай өткізуге болады?"

4. Жаздағы қауіпсіздік"

Үшінші және төртінші сұрақтар бойынша Құлмұратова Г.А. жакын арада алғашқы қоңырау соғылып, балалар бірінші сыныпқа баратынын айтты. Жаңа ұжымдағы баланың қарым-қатынасы қалай дамиды? Мұғалім оны қалай қарсы алады? Отбасы өмірінің әдеттегі тәртібінде қандай өзгерістер болады? Осы сұрақтардың барлығы ата-аналарды аландатады. Мен болашақ бірінші сынып оқушысын демалыста немен айналысуға болатыны туралы нұскаларды ұсындым: табиғи материалдан аппликациялар, коллаждар жасау; жаңа өсімдіктер мен жануарлардың атауларын тану, оларды қарастыру және есте сақтау; бірге өлең құрастыру; баланы жаңа достармен танысуға, олармен көбірек араласуға, ашық ауада ойын ойнауға ынталандыру;

Келесі мәселе бойынша ата-аналар комитеті мен ата-аналар оқушыларға арналған бітіру кешін өткізу мәселелерін талқылады.

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.

Шеренова А.Р.



ЖШС С.О.К. «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі: С.Д.Ербатырова



**«Бала шақтан - Болашаққа» қоштасу
ертеңгілігі**
«Балдәурен» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиешілері: Кулмуратова Г.А.
Шеренова А.Р.

«Бала шақтан – Болашаққа» балабақшамен қоштасу ертеңгілігі

Тәрбиеші: Құрметті жолаушылар! Балашақтан болашаққа атты №2025 рейсімен ұшатын жолаушылар назарына! “Балабақшадан – Білім еліне” бағытталған рейстің жолаушыларын ұшаққа отыруға шақырамыз.

Жолдарыңыз ашық, сапарларыңыз сәтті болсын!

/балалардың шығуы/

Ганижан: Құрметті қонақтар армысыздар

Бәріңізде есен – аман бармысыздар?

Таусылмайтын ағытып ой арманың

Ал, достарым ақ жол тілеп, сөз бастағын

Сая: Ақ тілекті ағытып бір тастайық

Қоштасатын кешімізді біз бастайық

Жүздерінен көркем шаттық арайлы

Болсын солай әрбір күнің, әр айың

Ганижан: Балалар, біз ешкімді ұмытпадық па? /ЖОҚ!/

Сая: Достар, біз 2 қонағымызды ұмытып кетіппіз ғой! Бүгінгі қоштасу кешімізді бастай отырып, білім нәрімен сусындатқан апайларымызды ортаға шақырамыз. Гүлмира Амантайқызы мен Айжан Раимбекқызын ортаға шақырайық!

Тәрбиеші: Өтті қызық көп күндер

Алты жасқа жеттіндер

Барасындар мектепке

Бір белестен өттіндер

Өсті ақыл - ойларың

Қуанышы бүгінгі

Құтты болсын тойларың

Тәрбиеші: Қымбатты ата – аналар, балабақша қызметкерлері қонақтар бүгін біздің бірнеше жыл мәпелеп, күтіп, тәрбиелеп өсірген бүлдіршіндерімізді мектеп табалдырығына шығарып салғалы отырмыз. Әрине бұл да үлкен той, тойларыңыз құтты болсын! Кәнекей кішкентай түлектерімізді тағы да бір қошеметтеп бір қол соғып қоялық.

Ән: «Бақшамызға мың алғыс»

Тәрбиеші: Құрметті ханымдар мен мырзалар! Сіздерді мерекелік әуе рейсінің экипажы қарсы алады!

Бүгінгі әуеборттың командирі —Ербатырова Светлана Даниловна. Жоғары деңгейлі ұшқыштар — Гүлмира Амантайқызы мен Айжан Райымбекқызы. Біз сіздің ұшу сапарыңыздың барынша жайлы өтуі үшін бар күшімізді саламыз, және сіздерге қуаныш, күлкі мен жарқын әсерлер сыйлауға тырысамыз!

Тәрбиеші: Ұшу уақыты — 1 сағат 30 минут. Қолайлы орындарыңызға жайғасып, қауіпсіздік белдіктеріңізді тағып алыңыздар! Телефондар мен басқа да электронды құрылғыларды тек бортта болатын сиқырлы сәттерді түсіру үшін қолдануға рұқсат етіледі! Авариялық шығу есіктері бірінші және екінші салондардың соңында орналасқан, бірақ олар тек келесі жағдайда ашылады: егер сіздер:

— шын жүректен қуанып,

— қатты қол соғып,

— және бағдарламаға белсенді түрде қатыссаңыздар!

Біздің рейсті таңдағандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз! Тамаша, шабытқа толы ұшу сәтін тілейміз!

Би: Стюардесса

Азиз:Алдындағы балалар

Мектепке кетіп барады

Тақпақ айтып бір – бірден

Қимай кетіп барады - дей отырып ортаға «Балдәурен» тобының балаларын өз тақпақ

өлеңдерін айтуға шақырамыз

Кәусар: Балабақша, балабақша
Шаңырағы шаттықтың
Балабақша қорғанышы
Балғын сәби жастықтың
Қуанамыз сыйлаймыз
Қуаныштың мың гүлін
Бақшамызбен қимай біз
Қоштасатын күн бүгін

Айәділ: Балабақша есігін
Үшке тола ашқанбыз
Едік аппақ нәресте
Көп - көп бөбек көргенде
Жұбанғаным есімде

Санжар: Ботақаным бөбек деп
Еркелеткен ұл қызын
Анамызды ерекше
Қуантатын күн бүгін
Өсті міне бойымыз
Қуанышқа ортақпыз
Құтты болсын тойымыз.

Рамазан: Бұл қуаныш себебін
Бізге қарап ұғарсын
Ер жетті деп бөбегің
Туған Отан қуансын

Фарида: Оқимыз білім аламыз
Болашақ жолын саламыз
Бақшаменен қоштасып
Біріншіге барамыз

Сезім: Балабақша базарлы үй
Көшедегі ажарлы үй
Шаттығы бар шуақта
Өз үйіміз сияқты

Жанель: Тәрбие берген ұямыз,
Тәртіпті бала боламыз.
Қоштасып балабақшамен,
Біз мектепке барамыз.

Зере: Балабақшам сүйікті,
Өн салдыртты, билетті,
Шынықтырып денеңді
Шымыр болуға үйретті.

Зерделі: Оқимыз білім аламыз,
Болашақ жолын саламыз.
Бақшаменен қоштасып,
Мектепке кетіп барамыз.

Али: Өздеріңді ұмытпай
Есімізге аламыз
Сендерден үлгі алатын
Біз әдепті баламыз.

Тәрбиеші: Біздің ұшағымыз биіктікке көтерілуде.
Жел – қолайлы, бағытымыз – алға.
Біз бұлттардың ар жағына – көк аспанға самғаудамыз.
Ал енді... Болашаққа көз жүгіртейік,
Бүгінгі күнге үңілейік,
Өткенге бір сәт оралайық.

Райяна: Естеріңізде ме, біз кішкентай кезімізде қандай болғанымыз?

Қанша рет көз жасымызды төктік, балабақшаға келгенше, үйреніскенше... Бірақ жылап болған соң, осында отырып, әңгімемізді бастайтын едік.

Тәрбиеші: Ал сол әңгіменің тақырыбы не еді?

— Оны біз қазір көрсетеміз!

Тәрбиеші: Құрметті жолаушылар, қуана хабарлаймыз!

Біздің әуебортта Көркем Сөз Театрының әртістері қонақта! Олар сіздердің назарларыңызға ерекше мини-спектакль ұсынуға дайын!

Қойылым: Аян, Асылым, Айым Қ, Ғанижан, Аймерей

Аян: Не деген қиын күн бүгін! Отыра беремін, отыра беремін. Мені мына жерден тұрғызатын адам бар ма өзі?

Асылым: Тоқтай тұршы, бәріміз жиналып қалыппыз ғой! Одан да ата-анамыздың ұнамайтын қылықтарын айтайық!

Айым Қ: Оо, мамаларымыз каша береді де, горшокқа отырғызып қояды. Бізді мүлде сыйламайды.

Ғанижан: Иә, сол ғой! Бізді көтеріп, еркелетпейді де! Тез-тез киіндіріп кетеді. Біз не сонша ауырмыз ба?

Аян: Таң ертеңмен жұмысқа асығып-ақ жүреді.

Балабақша тобына тастайды да кетеді.

Асылым: Мен үлкендерді түсіне алмадым. Бізге сөйлеуді өздері үйретеді де, енді сөйлеп бастасақ, «тыныштал» деп ұрысады!

Айым Қ: Ал мен мультфильм қараймын деп телефон сұрасам, «зиян» деп оны бермейді. Бірақ өзі сол сәтте телефон қарап отырады.

Ғанижан: Ештеңе етпес шыдармыз

Өсеміз әлі ер жетіп

Жылауды да ұмытып

Мектепке біз жетерміз.

Мектепте біз үйренерміз

Оқып, санап, жазуды

Ал сол кезде көреміз біз

Сыйламауын баланы!

Бәрі: Ал сен неге үндемейсің

Бір ауыз сөз айтпайсың

Аймерей: Үйде отырдым 2 жыл

Қасымда болды анашым

Үйдегінің бәрі таныс

Мында әкелді, таң қалдым.

Айқайлайын шамалы. А-а-а!

Тиер мүмкін көмегі

Босқа қарамай сендер де

Көмектесіндер қане

Айқайлайық кел бірге:

Бәрі бірге: А-а-а-а!

Аймерей: Мен өз ойыншығымды қалаймын

-Қуыршақ па? –Жоқ!

-Аю ма? –Жоқ!

-Онда нені қалайсың? –Планшет!

Аян: Не үшін! Мұнда бәрі жақсы

Ойыншық та жетеді

Аспаз тәтем сорпа менен

Котлет, дәмді ас та береді.

Аймерей: Одан да дүкенге барғанымда ғой

-Не үшін? –Шоколад пен кәмпит алу үшін!

Асылым: Бақшада бізге үйреткен
Тәттілерді «зиян» деп

Айым Қ: Үйде ішім пысады
Тек мультфильм қараймын
Ал бақшада қызық көп
Күлкіден мен тынбаймын!

Аймерей: Ой ұстандар, ұстандар
Қарандар құлап кетпейін
Сендер айтқандай болсын-ақ
Бақшадан мен кетпеймін.

Ганижан: Қиын болар, жыламаймыз
Бәрі өзі-ақ өтеді

Апайымыз көмектесіп
Өн айтармыз көңілді

Бәрі: Анашым, уайымдамаңыз
Дос табамыз мұнда біз
Жыл сайын біз бәріміз
Білімді боп өсеміз.

Айя: Ендігі кезекте біз апайларымызға деген жылы лебізіміз бен алғысымызды тақпақтар арқылы жеткізгіміз келеді.

Гүлдендірген бақшаны
Менгеруші апай жақсы адам
Сондықтан да біз үшін
Артықсыз сіз басқадан
Светлана Данилқызына мың алғыс

Қайрат: Денсаулыққа болаттай
Ауруларды жолатпай
Күнде болған әбдігер

Қамқоршымыз дәрігер
Ардақ апай мың рахмет

Аяла: Үйренгенміз өнер біз

Шетімізден шеберміз
Бал татыған әндерді

Мың бұралған билерді
Үйреткен Набира апай мен Замира апайға мың алғыс

Айым А: Тәтті тағам пісіпген

Айран сүтін ішкізген

Аспазшы апайлар

Сіздерге мың алғыс

Айымжан: Жазу жазып үйреткен

Өріштерді оқытқан

Санамақты жаттатып

Санауды бізге үйреткен

Жақсы болсақ қуанған

Қате болсақ кешірген

Гүлмира апай мен Айжан апайға

Айтамыз біз мың алғыс

Алан: Бізді баптап қараған

Күлімдеген жақсы адам

Ақ төсекке жатқызған

Басымыздан сипаған

Гүлшат апайға көп рахмет.

Би: «Ұшқыштар»

Тәрбиеші: «Назар аударыңыздар! Біздің ұшағымыз турбаленттілік аймағына кіріп жатыр. Сол жақтан найзағайлы бұлттар қозғалып келеді. Уайымдамауларыңызды және орындарыңыздан тұрмауларыңызды сұраймыз!»

Екілік: Ой, недеген жаңбыр, дауыл десеңші! Айтарға сөзім жоқ!

– Ой, мына әуе лайнері қандай әдемі! Қандай керемет! Сендерге тап болғаным қандай жақсы. Мына жердің әдемісін-ай! Бәрі сондай сүйкімді! Әдемі! Тап-таза! Балалар, сендер қайда ұшып бара жатырсыңдар өзі?

Балалар: Мектепке! Білім әлеміне!

Екілік: Мектепке ма... сендер – болашақ бірінші сынып оқушылары екенсіңдер ғой?

– Иә!

– Ендеше, маған дәл сендер керексіңдер!

Тәрбиеші: Айтыңызшы, ханым, сіз кім боласыз?

Екілік: Кімсіз дегені несі? Мен бе? Оны әр оқушы біледі! Мектепте мен – басты адаммын! Мен – екілікпін! Нағыз супержұлдызбын! Бәріне тек мен керекпін!

Балалар: Жо-о-о-қ! Бұл жаман! Бұл өте жаман! Бұл – нашар идея! бұл дұрыс емес!

Екілік: Керекпін, керекпін! Балалар, тыңдандаршы, мен жайлы тіпті өлең де шығарады!

Райяна: Ағатайдың бағасын,

Күнделіктен көрем мен.

Ағам “үштік” алса егер,

Үш рет қағар есіктен.

Егер үйде қонырау

Қатты-қатты соғылса,

“Бестік”, “төрттік” – алыпты

Деген мағына білдірер.

«Екі» алып ағатай,

Жеңіл басып жетсе үйге,

Тық-тық етіп, жай ғана

Қаққандай бір есікті.

Екілік: Міне, көрдіңдер ме! Мен сендерге айттым емес пе?

Тәрбиеші: Токтаңыз, күте тұрыңыз азаматша, сіз асықпаңыз! Сіз бізге жарамайсыз!

Ханшайым: Бір дегенің – жалқаубек,

Ондай болғым келмейді еш.

Екі деген – еріншек,

Оқымайтын түк білмес.

Үшке шақ мен шыдаймын,

Онша жақсы көрмеймін.

Төрт – жақсы ғой, әдемі,

Бірақ беске жетпейді!

Бес дегенің – керемет,

Алсақ қой соны күнде тек!

Екілік: ЖО-жо-жок! Сенбендер, балалар! Екілікке ешқандай баға жетпес! /балалар: жооооқ!/

Ал екінші қатардың жолаушылары менімен келісіп тұрған секілді! Күліп, жымиып отыр.

Тәрбиеші: Құрметті жолаушылар, ұшақ бортындағы ауа райы керемет, көңіл күй тамаша!

Бортта сіздерге тек сергітетін сусындар ғана емес, болашақ 1-сынып оқушыларына қажетті барлық заттар ұсынылады.

Тәрбиеші: Балалар алдарында берілген сөмкелерге тек қана мектепке қажетті заттарды салу керексіңдер. Бірақ мұқият болуларың керек. Себебі Екілік сендерге мектепке қажет емес заттарды ұсынып, салып жіберуі мүмкін.

Екілік: Жоқ, ондай болмайды!

Ойын: «Мектепке қажетті заттар»

Тәрбиеші: Ал енді, балалар қазір Екілік бізге сөмкелерді тексеруге көмектеседі.

Екілік: Иә тексерсем бола ма! Фуу мынадай іш пысытарлық заттар мектепке керек па? Не үшін. Ой, ой недеген ақылды баласындар, сондай іш пысытарлық! Мүмкін мына жақта менің достарым бар шығар. Ой какой то кітаптар, дәптерлер. Мыналар керек па? Мынаның бәрі керек па? Бәрің сонда ақылды үздік боласындар ма?

Тәрбиеші: Ал Екілік көрдің ба, біздің түлектеріміздің қандай ақылды екенін. Олар мектепке дайын. Олардың жолы сенікінен бөлек.

Екілік: Жарайды, жарайды менімен ешқайсысының дос болғысы келмейді. Ой бәрібір де қазір мектепке баратын балалар көп қой. Міне сол жақтан мен өзіме достар табамын. Ол жақта міндетті түрде мен секілді еріншек, жалқаулар табылады. Мен солармен дос боламын, сендермен емес!

Тәрбиеші: Бара беріңіз Екілік, өзіңізге дос іздей беріңіз. Бізде ондай балалар жоқ.

Қандай ғажап күн бүгін

Күміс күлкі жан - жағын

Күлімдеген бар бала

Өн айтады шаттана

Ән: «Оқуда озат боламын»

Тәрбиеші: Құрметті жолаушылар! Назар аударыңыздар. Алдарыңыздағы экранда «Балабақшадағы естеліктер» фильмі көрсетілгелі жатыр! Көңіл қойып қарауларыңызды сұраймыз.

Видео: «Балабақшадағы естеліктер»

Ән: «Тәрбиеші»

Тәрбиеші: Құрметті жолаушылар!

Ұшуымыздың аяқталуына 10 минут қалды.

Біздің әуе компаниямыз сіздерге осындай керемет саяхат пен есте қалатын ұшу үшін алғыс білдіреді.

Біз сіздерге өмір жолында әрдайым биіктен көрінуді тілейміз!

Жаңа өмір басталсын,

Үміт сенім ақталсын

Ұмытылмай балабақша вальсі

Көңіде мәңгі сақталсын!

Вальс: «Балабақшамен қоштасу»

Тәрбиеші: Құрметті ханымдар мен мырзалар! Біздің әуе лайнеріміз «Білім еліне» сәтті қонды. Бірінші салон жолаушыларына — қауіпсіздік белдіктерін ағытып, шығуға дайындалуларыңызды сұраймыз.

Ендігі сөз кезегін әуелайнеріміздің командирі Светлана Данилқызына сөз береміз!

Выручение